84Қаз
Ө 96

# ӨШПЕЙТІН ШЫРАҚ



БОЛАШАҚ-БАСПА

АҚЫН ҚАСЫМ СЫРЫМБЕТҰЛЫНЫҢ
ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ
(1902- 2002)

# ӨШПЕЙТІН ШЫРАҚ

жалпы редакциясын басқарған Хамзин Мәуен,
филология ғылымдарының докторы, профессор

БОЛАШАҚ-БАСПА

Өшпейтін шырақ. - Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2002. - 128 б.

ISBN 9965-528-64-0

Әрі ақын, әрі жырау, көзі тірісінде “Энциклопедия” атанған табиғи дарын иесі Қасым Сырымбетұлының туғанына 100 жыл толуына орай жарық көргелі отырған осы бір шағын кітапша ақиқат пен шындықты, адамгершілік пен парасаттылықты өзіне ту еткен қарапайым ауыл азаматының еліне, жеріне, халқына деген шексіз сүйіспеншілігін қалың жұртқа паш етеді.

Кітап көпшілік оқырмандарға арналған.

18989

ШЕТ АУДАНДЫҚ
ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН
КІТАПХАНА ЖҮЙЕСІ

ISBN 9965-528-64-0

© Қарағанды маңызды білім беретін “Болашақ” институты

Безендіру. “Болашақ-Баспа” РББ

*Өмірге келген адам бір күні өлер,*
*Арулап жақындары жерге көмер.*
*Артына өшпейтіндей із қалдыру,*
*Сенсеңіз, жақсыға тән, үлкен өнер.*



АҚЫН ҚАСЫМ СЫРЫМБЕТҰЛЫ

# АЛҒЫ СӨЗ

Аяулы әкеміздің туғанына 100 жыл толуына орай жарық көріп отырған өлеңдер жинағы, оны қастерлеп құрметтейтін зиялы азаматтардың орасан зор еңбегінің арқасында, дүниеге келді. Олар:

Жинақтың ғылыми талаптарға сай болуына көп назар аударған ЕАБөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры, академик, техника ғылымдарының докторы, профессор Ақылбаев Жамбыл мырза;

Ақын туындыларын зерттеп, алғашқы ғылыми тұжырымдама жасаған филология ғылымдарының докторы, профессор Хамзин Мәуен мырза;

Кітаптың баспадан сапалы шығуын жіті қадағалап, үлкен жанашырлық танытқан Қарағанды маңызды білім беретін "Болашақ" институтының ректоры, заң ғылымдарының кандидаты, профессор Дулатбеков Нұрлан мырза;

Қолжазбаларды компьютерге түсіріп, ретке келтірген химия ғылымдарының кандидаты, Қарағанды мемлекеттік университетінің оқытушысы Мұратбекова Айгүл ханым;

Араб шрифтімен жазылған ақын еңбектерін қазақшаға аударған талантты жастар Қуаныш Сейітжанов пен Жандос Шөкенұлы т.б.

Осы аттары аталған азаматтарға ақын ұрпақтары мен туыстары атынан алғыс айта келе, оларға зор денсаулық, еңбекте табыс, шаңырақтарына шаттық-береке тілейміз.

Сіздерді әрқашанда ақын ата аруағы қолдап, желеп-жебей берсін. Сарыарқа саңлақтарын көпшілікке танымал ету жолындағы игілікті істеріңізді құдай қолдасын.

Қасым Сырымбетұлының үрім-бұтақтары



# I. Ғалым ой түйеді



# ҚАСЫМ СЫРЫМБЕТҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖАЙЛЫ ТОЛҒАНЫСТАР

*М.ХАМЗИН,*
*филология ғылымдарының докторы,*
*профессор*

Қазақ халқының рухани әлемі мен әдеби құндылықтары тоталитарлық жүйе теперішін аз көрген жоқ. Азаттық пен тәуәлсіздік атты киелі ұғымдармен елдік сияқты қасиетті сөзді қастерлеумен оны ұрпақ санасына зерделеуде өктем идеология қаншалықты қаястық жасаса да, ұлттық мүддені асқақ тұтқан ақын-жазушылар "елшілдік идеология" /М.Әуезов/ мұратына адал болып қала берді.

Жыраулық поэзиядағы елдік қасиеттерді, ұлт-азаттықты сақтауға шақырған өршіл үн жемісі ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде соны сипатқа ие болғанына да тарих куә. Осындай өрлік пен ерлік, намыс пен жігерге толы рухты поэзияға сусындап өскен азаматтың бірі - Қасым Сырымбетұлы.

Қасым жастайынан - халық ақындарының мұраларын жаттап өскен, Абай мен Нарманбет поэзиясынан нәр алған. Солардың үлгісінде "уытты тіл", "долы қолмен" өлең шығарып беймезгіл қазанның суығы, қарашаның қарына ұшыраған адам. Қоғамның қайшылықтарын объективті суреттей білген Қ.Сырымбетұлының шығармашылығы қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орнын алады деген ойдамыз.

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы кешегі кеңестік идеологияның маркстік-лениндік әдіснамасы талабындағы қасаң қағидаларды тың түзілістерге түсіруде, әдеби-тарихи шындыққа сай бағалауда. Соның көрінісі - Қасым Сырымбетұлының шығармашылығының халықпен табысуы. Ақынның осы уақытқа дейін қалың оқырманға белгісіз болуының өзіндік себебі бар. Енді біз соған түсінік бере кетейік. 1930-шы жылдардың ішінде қазақ даласын ақ сөңке аштық жайлағаны белгілі. Қазақ зиялылары бұл зұлымдыққа ша-

малары келгенше қарсы шықты. Ел арасында әр жерде көтерілістер болды.

Халық басына төнген осындай нәубетті өз көзімен көріп, қиындықты бірге кешкен жиырмадан асқан Қасымның қаралы жүрегінен өлең шумақтары шер болып төгілген. Оның мысалы төмендегі"1932 жыл”деген өлеңі.

Нені білдің, елді қырдың,
Жеткізем деп мұратқа.
Жеткізбедің жерге тықтың,
Апардың айдап сыратқа.
Колхоз ұйым, құрдың жиын,
Мал құртуға әдейі,
Бірік дедің, ірiктедің
Ылғи ғана кедейді.
Өлді кедей, тамақ жемей
Социализм осы ма?
“Досым дедің, “қосыл” дедің
Бердің өлім досыңа.

Халықтың мұңы мен зарын жырлап, коммунистік саясаттың қитұрқылығын әшкерелеген ақын 1935 жылы сталинизмнің қанды шеңгеліне ілікті. 1936 жылдың 30 маусымында Қасымға РСФСР Жоғарғы сотының Қазақ бөлімшесі “Халық жауы” деген айып тағып, 4 жылға бас бостандығынан айырып, Поляр шеңберінен тысқары жатқан "Медвежье горы” деген, лагерге жөнелтіледі.

Тағдырдың тауқыметін жастай көріп, еңбекке ерте араласқан балуан жігіт Қасымға ағаш қию жұмысы қиынға соқпаған сияқты. Күндік норманы артығымен орындап отырған еңбекқор да тәртіпті азамат кесілген мерзімін ерте аяқтап, 1938 жылдың 20 қазанында елге оралады. Ақын елге аман-есен оралғанымен жан-дүниесіне соққы тиіп қаламының мұқалып қайтқанын аңғарамыз. Ақын айдаудан оралғаннан кейін тек тұрмыстық өлеңдер жазумен шектелген, олардың өзін халық арасына кең тарата бермеген. Тек өз құрбыластарына шығарған бірқақпайлары мен саиқымазақ өлеңдері ел ішінде жақсы таралған. Ақынның көзге түсетіндей шығармаларының бірі - жазба айтыстары. Ол - белгілі айтыскер Маясар ақынмен замандас. Ал, Доскей, Қайып ақындарды көзі көріп, жырларын санасына сіңірген, бай тілде, кеудесінде ақындықтың

сәулесі бар Қасекеңнің, Хасен ақынмен, Халит молдамен айтыстары кейінгі ұрпаққа берері мол мұра деп есептеуге болады. Қасым ақынның дінге де жетік болғанын Халит молламен айтысынан көруге болады.

Ақынның Халит моллаға берген жауабы.

Білесіз ғайбат сөздің күнә екенін,
Күнәсі “зынаменен” бір екенін.
“Ашиду уалғайвату” деген болса,
Аз болмас тапқан күнәң онда сенің - десе,

ақынның өнерін мойындаған Халит молланың жауабы төмендегідей:

Кел, Қаске, тоқтатайық өлеңіңді,
Білемін өлеңге артық өнеріңді.
Бұрында осы өлеңді қоймаймын деп
Бірталай көріп едің көреріңді, - деп өзінің

қарсылас бола алмайтынын, Қаскеңнің өлең өнеріне жетік екенін ашық мойындайды. Ақынның тағы бір қыры - астарлы, мәнді тұспалға негізделген мысал өлеңдерді жатық, шебер құратындығы. Сөйтіп жалқаулықты, тоғышарлықты, дүниеқоңыздықты айыптайды. Бұл мәселелер “Соқыр өгіздің мұңы”, “Бұзаудың арызы", “Кер өгіз” тағы басқа мысалдарда өткір сыналады.

Қ.Сырымбетұлы поэзиясының тәрбиелік мәнін де ескермесе болмайды. Өмір тәжірибесінде байқалған қоғамның басты кеселінің бірі - маскүнемдік.

Бұл тақырыпқа да ащы тілмен жазылған уытты өлеңдер арнай білді. Солардың ішінде айрықша атауға болатындары “Арақтың азабы”, “Еміздік емген жігіт” атты өлеңдері. “Арақтың азабы” атты өлеңінде.

Әйгілі атым-арақпын,
Себепкері мазақтың.
Артық ішсе шамадан,
Сол адамға азаппын, - деп арақтың зияндық жақтарын ұғынықты жатық тілмен ұқпастың өзіне жететіндей қылдырып суреттеп берген.

Қаскеңнің тағы бір айтарлық шығармасы әнші, төкпе ақын, кең тынысты жыршы, ділмәр, өз замандасы Маясар Жапақовпен қош-

тасу өлөңі. Бұл қоштасуда ақын Маясардың ақындық талантын жап жақсы ашып көрсете білген.

Қ.Сырымбетұлы ақындығымен қатар зерделі жыршы да болған адам. Нарманбет ақынның, Міржақыптың, А.Байтұрсыновтың, Дия Қажының, Хасен ақынның көптеген өлеңдерін жатқа білген. Ақынның бізге толық жеткізген “1916 жылғы бәйіт" атты ұзақ жыр бар. Жырдың авторы Ерікбайдың Ержаны атты азамат. Бұл жыр қазақ халқының 1916 жылы басынан кешкен қиындықтарды шебер суреттеген, айтулы мұра болашақта ғылыми зерттеуді қажет ететінін атап айтумызға болады. Қасым ақынның көкірегі кемел сауатты болғанын зерделі ғалым, ақын-жазушы Жайық Бектұровтың төмендегі жолдарынан танимыз. “Қасым аға қолыма кейіндеу түсті. Ол ел ішінің таусылмас қазынасындай еді".

Қасым Сырымбетұлының шығармашлығын алып қарастырғанда, тоталитарлық жүйенің соққысын қатты көргенін байқауға болады. Қамаудағы тотыдай ғұмыр кешкен аяулы ағаның аздаған мұрасынның өзі біз үшін үлкен олжа.



# II. Ақын жайлы естеліктер



# АҚЫН ҚАСЫМ СЫРЫМБЕТҰЛЫ ТУРАЛЫ

*Жазушы Жайық БЕКТҰРОВ*

Осы күнгі Қарағанды, Жезқазған, Семей облыстарының қазіргі және бұрынғы Егіндібұлақ, Қарқаралы, Шыңғыстау - Абай, Абыралы, Қоңырат-Ақтоғай, Шет, Ақадыр, Шұбартау, Жаңаарқа, Ұлытау, Нұра аудандары аймақтарының арғы көнерек көзді айтпағанда бергі Ұлы Абайдан, Шәкәрімнен бастап көркем сөз маржанының кең алқабы болды. Осы үлкен өңірде Жанақ, Нарманбет, Мәди, Соқырқақпан, Тоқа, Шашубай, Ахметбек, Қожабай, Төлеу, Дия, Мұхамет-ғали, Дөскей, Жолдекей, Қайып, Ілияс, Жәкен, Нияз, Маясар, Болман, Хасен, Көшен және өзге де көптеген ақындар әрқайсысы арттарына әр дәрежеде өзіндік әдеби мұра, рухани із қалдырды.

Осындай алуан жүйріктердін бір тетелесі Жезқазған облысының Шет ауданына қарайтын “Шет” совхозында 89 жасқа қарағанда 1991 - жылы жазда дүние салған Қасым Сырымбетұлы; Қасекеңнің өз айтуынша ол 1904 жылы туса керек, бірақ қазақ аулдарында кездесе беретін әр түрлі жағдайға орай 1902 жылы туған деп жазылыпты. Қасым туа ақын, зерделі, жадына көп сөз тоқыған парасатты адам екенін мен өз басым кешеуілдеу біліп, өкініште қалдым.

Мен, көптен Арқаның атақты ақыны Байсалбайұлы Ахметбектің өмірін зерттеп, ақыры беріде оның шартты аты "Қанды жорық” делінетің ызалы бір туындысын осы беріде ғана “Орталық Қазақстан” гәзетінде жариялай алдым. Ахметбектің өзге еңбектері қолға түспеді. Тегі оның күллі әдеби мұрасы ақын өзі сталиндік заңсыздықтың торына түскенде өзімен бірге құрып кетсе керек.

Ахметбек ақынның 1987 жылы қайтыс болған баласы Жанайдардың және оның інісі мен қарындасының қолдарында жөнді ештеңе сақталмағандай. Тек мен Жанайдардың үйінен ақынның жыртылған бір суретін кездестірдім. ”Бір жоқты бір жоқ табады” дегендей, 1988 жылдың бас кезінде Шет ауданында тұратын Қасым ақсақалдан хат алдым. Бұл кісі Жанайдардың құдасы екен. Ол

менің Жанайдар үйінде болғанымды естіп, маған хат жазыпты. Осы хатты алысыменен сол 1988 жылдың жазында Қасым ақсақалға арнайы бардым. Қасымда әдебиетші - журналист ол кезде ”Социалистік Қазақстан” газетінің меншікті тілшісі Рымқұл Сүлейменов бар. Сол кезде Қасым ақсақалдың тек құлағы естіңкіремейтін болыпты. Қасым ақсақал нелер хисса-дастандарға жетік. Өз тұрысындағы Мағжанның Батыр Баянын”, Шәкәрімнің ”Еңпік-Кебегін” Абай, Нарманбет өлеңдерін, Исаның, “Құралай сұлуын”, Сәбиттің “Сұлушашын”, Сәкеннің “Көкшетауын”, Ілиястың “Құлагерін” өзге де көптеген ескі хиқая - хиссаларды, өз тұсының және өзінен бұрынғы көп ақындардың неше түрлі өлеңдерін жатқа біледі.

Өзі де ақын, әр кезде өз төңірегіндегі ақындармен айтысқа да көп түскен. Қасекең қазақ елінің шежіресіне де жетік.

Қасым Сырымбетұлы отызыншы жылдардың бас кезіндегі ел ішінің алапатын, халықтың аштыққа ұшырап, босқыншылыққа ұшырауын өлеңмен суреттейді. Сол үшін ол сол кезде тұтқынға алынып, әйгілі Беломорканалында жазықсыз жаза өтепті. “Әлі қайратты кезіміз ғой. Сол Беломорканалында қамау да жүріп қазақтың қырық шақты тұтқыны жұмыста қирата жақсы істеп, кейде лагерь бастықтарынан ұрықсат сұрап, ортамыздан қой сатып алып, қазақтың баяғы сері жігіттеріндей оқта-текте етке бір тойып, жас сорпа ішіп, әлденіп қаламыз” деп өткенді есіне түсіріп күледі. “Отыз екінші жылғы өлеңім үшін сол кезде сотталғаным тәуір болды. Әйтпесе бұл өлеңмен отыз жетінші жылға іліксем бірден атылып кететін едім. Өйткені аштықты, асыра сілтеушілікті сөккенімді Кеңес өкіметіне қарсылық, нағыз халық жауының зиянкестік ісі" - деп аяусыз үкім шығарып, ата салатын еді”.

Қасым ақсақал Нарымбеттің көп өлеңдерін, оның ішінде әсіресе Нәрекеңнің дүние салардағы қоштасу толғауын жатқа келістіріп айтты. Мен Қасекеңнің өз аузынан соның бәрін жазып алдым. Тек сол жылы жаз ортасында қатты сырқаттанып, төсектен тұра алмай бірнеше ай бойы ауруханада жатып қалдым. Содан сол құнды әдеби мұраны кезінде баспасөз бетіне жариялай алмай қатты опық жедім. Біраз кейін Нарманбеттің бұл өлеңдерін газет беттерінде, оның ішінде “Қазақ әдебиеті* газетінде қолдарына әлде қалай түскен көлденең біреулер жариялады. Бірақ Нарманбеттің өлердегі қоштасуын оны Қасекең білетін толық нұсқасынан біраз өзгеріс - кемістіктер, жаңсақ жол - жол шумақтар бар сықылды.

Ақын Қасым ақсақал өзі төңірегіндегі арғы-бергі көп ақындардың, бұлардың ішінде әйгілі Дия қажының, берідегі Бодықтың

Хасенінің өлеңдерін көп біледі екен. Ахметтің Дия қажысының кезінде Сәкен Сейфуллиннің белгілі “Лашын” поэмасына жазған жауабын, осы беріде қайтыс болған жазушы Сапарғали Бегалинге айтқан өткір сын- сөздерін өзге адамдардан мен бұрын да жазып алып, тіпті Диының бұл өлеңдерін ертеректе газет беттерінде де жариялап едім, Қасым ақсақал айтқан нұсқамен соның бәрі бірдей шықты. Осы күні К.Жүнісов жариялап жүрген “Бегалы би” деп келетін нұсқа да осы Қасекеңнен алынған болуы керек.

Қазір уақыт озды, заман өзгерді. бүкпентайлап, бұқпантайлайтын, жұмбақтап әр нені құбыжық көріп қажеті жоқ. Өзіміз жақсы білетін, тіпті сыйласқан Сапарғали Бегалин жиырмасыншы жылдан осы Шет ауданында сот болып, сол тұстағы ел ішін қабындаған заңсыздыққа, бассыздыққа әділ-сот ретінде тікелей еріксіз қатысы болғандай. Сол ызаға шыдай алмай ақын Диының аузынан нелер өткір сөздер шыққан. Тілді де қайрайтын, кекті де асқындыратын уақыт талабынан шыққан сөздер. Дия қажы осы еткір сөздер үшін ақыры отызыншы жылдардың ең басында Қарақаралыда сотталып, атылып та кетті. Оны қажылық, молдалық құрды, бір әйелді емдеймін деп өлтірді деп айыптады.

Бірақ оған негізінде оның өткір тілін, Кеңес өкіметіне қарсылық деп жала жапты. Дия қажы білгір, ақын, әрі емсек болған кісі. Ол даланың әртүрлі шөбінен дәрі-дәрмек жасаған, көп кітап жинаған, оның кітатпары Шалтастың зират-құздарында тығулы қалды деседі.

Мен, Қасым Сырымбетұлының үйінде, қазір ол кісінің шаңырағын ұстап отырған баласы Төкеңнің қолында, қағаз беттеріне түскен қаншалықты әдеби мұрасын барын дәлелдеп айта алмаймын. Алайда, Қасекең ұқыпты адам көрініп еді, сол себепті де ол өзінің біраз жиған-тергенін қағаз бетіне түсіріп те кеткен болар. Оның үстіне Қасекең ақсақалдың біраз айтыс өлеңдері жергілікті газеттерде кезінде жарияланған көрінеді. Сондықтан, үйден-түзден жинастырып Қасым Сырымбетұлының өз әдеби мұрасын, өнегелі сөздерін жеке жинақ етіп шығару игілікті іс.

Жойқын өзеннің әр алуан сай-саладан, өзек-жылғалардан толықситынындай, халықтың мол әдебиет қазынасы, тілі ұлттық ұғым- түсінігі, осындай жеке аймақтардағы, осы Қасым ақсақалдардай көпті көрген, жадына өнегелі көп сөз тоқыған зерделі де дарынды адамдардың мұраларынан молаятыны түсінікті. Қасым Сырымбетұлының құнттап жинаған, ерекше зеректікпен жаттаған ұлағатты сөздері көп дедік. Міне осылардың бір күрделісі- оның 1927 -жылы өз жерлестерінің бірінен жазып алған бәйіт.

1916-жылы отаршыл патша үкіметінің әйгілі "июнь жарлығының" шыққаны, мәлім. Мұнда қазақ елінен 19 бен 31 жас арасындағы жастарды дүниежүзілік бірінші жиһанкез соғысына көгендегі қозыдан тізіп алып: майданда окоп қазуға салды. Отаршыл үкімет бүтін бір халықтың сүт беті қаймағын сыпырып алды. Иә, бірден елдің он үш жыл бойғы еркек кіндік төл-түлегін, қызғалдақтай өсімін сыпырып алу қандай қорлық. Осы сұмдық жарлықтан кейін күллі қазақдаласында ұлт-азаттық қозғалысының кең өрістегені мәлім. Бұл қысастыққа шыдамағандықтың айқын көрінісі еді. Қазақ елі бұлайша жастарды әскерге алуды “прием’’ деп атады. Сол “приемға” барған жігіттер ішінен көптеген ақындар елде, артта қалған туыстарына өлеңмен сағынышты сәлем жолдап, көрген бейнеттерін, азап-қорлықтарын жазып жатты. Мұны олар “бәйіт” деп атады. Ал бәйіт шығыс елдері әдебиетінде дастан; хисса, аңыз, роман тектес белгілі әдебиет саласы, басқаша айтсақ, поэзия жанры болып саналады.

Қасым Сырымбетұлы өз тұрғыластарының бірінен кезінде жазып алған көлемді бәйітті ескі араб әрпімен 1986-жылғы 18-қазанында қайта көшіріпті. Бұл бәйітті шығарған адам приемға-әскерге алынған күннен бастап патша үкіметі құлағанға дейінгі өзінің барған-тұрған, көрген қалаларын түгелдей өлеңге қосыпты. Мұндай зерделі де ұқыпты майдангерлерді мен өзім осы кешегі Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақ азаматтары ішінен де кездестірдім. Міне, сондай бір қайратты, білікті адамдардың бірі- біз өз алдына түгелдей жариялағалы ұсынбақ бәйітті шығарушы Ержан Ерікбаев та ерекше ұқыпты екен. Ал оның ұзақ бәйітін еске түйіп, жадына сақтап, қағаз бетіне түсірген Қасым ақын да өте зерделі адам.

Ержан туралы Қасым Сырымбетұлы оның бәйіті басында: “1916-жылғы патшаның июнь жарлығы” бойынша қара жұмысқа алынып,
Герман соғысы жүріп жатқан жерге барып, солдаттарға окоп қазып: жұмыс істеген. 1917-жылы патша тақтан түскеннен кейін елге қайтып келген Жезқазған облысы, Шет ауданы “Ақшоқы” совхозының көлемінде туып-өскен Ерікбаев Ержан деген азаматтың жазғандары үйден шыққаннан үйге қайтып келгенше көргендері. Мен мұны сол адамның өз аузынан 1927-жылы жазып алдым.

Осы азаматпен бірге приемға алынып, бірге жүріп, бірге жұмыс істеп, үйге бірге келген Ақшоқы” совхозының Ақбауыр бөлімшесінде тұратын Ақбергенов Жолдасбай деген адам. Бұл естелікті жазып отырған мен Шет ауданы “Шет” совхозының тұрғыны.Қасым Сырымбетұлы. Ол 18.10.1986 жылы деп жазыпты.

КІГАПХАНА ЖУИЕС!
№ ____

Қасекеңнің тым ескірек әліппемен жазған өлең жолдарын оқу қиынырақ болды. Сондықтанда некен-саяқ жеке бір сөздерді мазмұнына қарай тұспалдап та алдық. 1919-жылы приемда жазылған бәйіттер алыстан, Европа, Россия жерінен қырдағы қазақ еліне кел - генде үлкен-кішінің еңіреп, ботадай боздап жылағанын бала күнімізде біз өзіміз де көп көрдік. Өйткені бұрын мұндай қасыретті, қан төгіс соғысқа қыршын қазақ жастарын тізіп алуды көрмеген қазақ қауымына бұл өте бір қайғылы ауыртпалық болғанды. Сарыарқада мал соңында, ел арасында, жайлауда, күзетке еркін жүрген, ат жалында ойнаған, қымызға қызған боз балаларға бұрын көздері көрмеген, құлақтары естімеген үлкен қалалардың: барактарына қамалып, темір жол вагондарында шөліркеп, қиыр шетке айдалғаны оларға өмірдің ең бір қияметі болған. Ол кезде бұл қорлық расында да ерекше қиянат қысым болған “Қара нан қадақтаған балдай болды" деп нелер боздақ ел ішіне қасірет зарын жеткізіп жатты. Патша тақтан құлағаннан кейін Россия мен Германия арасындағы соғыс аяқталғаннан соң, жігіттердің елге аман-есен қайтіп келе жатқандарын естіген жұрт бір-бірінен сүйінші сұрасып, жетекке қосалқы аталып, көш бойы, тіпті күндік жерден олардың алдынан шыққанды. Майданға кеткен жігіттердің қайтып оралуы ел ішінде зор қуаныш, мереке-той болғанды. Біз жұртшылыққа өз алдына жеке ұсынбақ бәйіттің көп шумақтары мұны шығарған адамның дарындылығын көрсетеді. Әрине, сол кездегі ауыз әдебиетінің үлгісінен аса алмағандығы түсінікті Сөйтсе де бұл бәйіт өз тұсының әлеуметтік қал-ахуалын, елі іші адамдарының көңіл күйін көрсететін мықты дерек. Бұл күнде ел арасында өз тұсының шежіресіндей бұл тәрізді шығарма өте сирек кездеседі. Сондықтан да шежіре-бәйітті жадында сақтап, бүгінгі ұрпаққа жеткізген Қасым ақсақалдыңда, оны шығарған Ержанныңда аруағына бас июіміз жөн.

**1992 жыл**

# ӨШПЕЙТІН ШЫРАҚ

*Төлеген ҚАСЫМҰЛЫ*

## Дарияның бастауы

Менің үлкем әкем, Сырымбет - Ойсынға жататын Сіргелінің Батыр руынан шыққан Айбалталы Долбағайдың шөбөресі. Айбалталы Долбағай бабамыз Жоңғар соғысынан қайтар жолында Қарқаралыдағы Бөкей төресімен кездеседі. Төре жас батырға қызығып: “еліңе кейін барарсың, қасымда бол, қалыңмалсыз әйел әперем” - деп жібермей алып қалған екен.

Айбалталы Долбағайдың өзі - атақты Бөрі батырдың кенжесі еді.

Ал, нағашы атам - Жақып, Таңайға жататын Үш Жетестің ішіндегі Қараменде руынан. Қараменденің ежелгі қонысы Сарысу өзенінің бойы екен. Бір кездерде Үш Жетес балаларының арасында кірбің пайда болып, Қараменде ұрпақтары ата жұртын тастап Қызылтау қорымына бет алып, Таңайменен біріге туысатын Дәулеттермен табысады

Сарысу - Өспен маңайындағы көптеген көңдердің Қараменде ұрпақтарының атымен аталуы бұл тұжырымның тарихи шындық екенін дәлелдейді.

Қызылтау қорымының Қаракемер деген жерінде 1904 жылы менің әкем Қасым дүниеге келіпті Қаракесек Қарамендемен Ойсын Сіргелі - Батыр ұрпақтарының бір біріне қол созулары сол кезderден басталса керек.

Қасым дүниеге келгенде Жақып: “Сырымбет, сенен ұл туды, ал менің әйелім қыз туса мыңжылдық құда болайық, ал ұл туса мәңгілік дос етейік"- деген екен.

Екі достың адал тілектерін құдай қабылдап, 1907 жылы Жыланды деген жерде менің анам Ажар Жақыпқызы дүниеге келеді. Қыз баланың өмірге келгенін естіген Жақып: “Сырымбетке келінің туды деп хабар айтыңдар” деген екен. Сол жылы Сырымбетпен Жақып төс түйістіріп, мыңжылдық құда болуға серт жасайды



73 жыл бірге өмір сүрген Қасыммен Ажар

Қасым 6-7 жасқа келгенде әкесі Сырымбет, әлдебір себептермен, Жақыппен құда болудан бас тартып Нура бойындағы қалың Сарымның біреуінің қызына құда түседі.

Бұл жағдайды естіген Жақып, өзінің байсалды мінезінен таймай: құдай бар болса Сырымбет алдыма қайтып келеді, аяғыма жығылады деген екен. Жақыптың бұл айтқаны көріпкелдің сөзіндей болып шығады.

Арада бір жыл өтпей жатып Сырымбет Сарымдармен құда болудан бас тартып, берген қалың малын қайтып алып, Жақыптың аяғына жығылып: “жаздым - жаңылдым" деп құдалығын қайта жалғастырады.

Қасым 14 жасқа келгенде әкесі Сырымбет кенеттен ауруға шалдығады, көңілін аулап келген Жақыпқа: “Құдайдан хабар алдым, мен өлемін, баламды бер” деген екен. Бұл 1918 жылдың күз айы болса керек. 11 жастағы Ажар Сырымбет шаңырағына келін болып түседі, әкем ол кезде 14 жаста екен. Көшікпей Сырымбет қайтыс болып Шәрбибі әжеммен әкем қыстауға көшеді.

Сырымбет қыстауы Қызылтаудың Нұраталды жағындағы Қарауыл төбе маңындағы тар қуыста, ал бейіті Алабұға өзенінің сол жағындағы қалың қараганның ішінде.

Бұғанасы қатпаған Қасымды Сырымбеттің немере інісі Мұса Аманбайұлы (Ақке) тәрбиелеп өсірген екен.

Мұсадан туған Алпысбайдың баласы - Мергенбай інім кәзір Сортировкада тұрады.

Бөрі батырдың бізден басқада үрімбұтақтары баршылық.

Қарамерген деген баласынан - Нұсқабек (Сары-ағашта), Мұхидин (Қарағандыда), ал үлкен баласы Найманнан - Әділ Сасбұхаевтар (Қазығұрт) әулеті тарайды.

Екі тайпа елді жақындастырып туыс еткен Сырымбетпен Жақыптың тілеулерін алла қабыл етті.

Қасыммен Ажар ұзақ өмір сүріп, 73 жыл бірге отасып, Сырымбеттің түтінін түтетті. 11 бала дүниеге келді. Кәзіргі тірілері: Төлеген, Нәсіпжан, кенжесі Мейрам. 23 жасында қайтыс болып, қыршын кеткен Шәпиманаттан (Шәкен): Алмаш, Айдаш.

"Артында бар - оңалар" демекші Қасым мен Ажардан тараған 10 немере, 20 шөбере, 1 шөпшек бар. “Алланың осы бергеніне де шүкіршілік” деп отырушы еді абзал жандар. Мен де шүкіршілік айтамын, себебі; әке-шешеміз өлсе де, олардың артында аттарын ататып жүретін, жаққан шырақтарын сөндірмейтін бала-шағасы, үрім-бұтақтары бар.

# Таусылмас қазына

Бір кезде бізде бала болдық, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірген әке-шешеміздің қадырын білдік пе жас кезде? Басқалардың қалай жауап берерін білмесем де, өз басым: “иә, білдім" деп айта алмаймын. “Балам, балалы болғанда ұғарсың”деген сөз тегін айтылмаған.

Кәзір білдім: қолдағы алтынның қадырын білмеппін, әкемнің ұшан теңіз мұрасының сынығы ғана қалыпты қолымда. Бұдан артық өкініш бола ма?

Ештен кеш жақсы демекші, ендігі қалған бар міндетім, балалық борышым: бір кездерде әкемнен өз құлағыммен естіген біраз жәйттарды көпшілікке жеткізу болмақ.

Құдайға шүкір, Қасым ақынның өткен өмір жолы мен творчествосын зерттеп жүрген азаматтар баршылық. Олар: кемеңгер жазушы, кеше ғана арамызда жүрген, ағамыз Жайық Бектұров; танымал қаламгер, әрі жерлесіміз Камал Жүністегі; ғалым, филология ғылымдарының докторы Хамзин Мәулен; ССРО Журналистер одағының мүшесі Тыныштық (Есен) Орынбеков; өлкетанушы Күләш Сардарбекова; Қазақ ССР-ның білім беру ісінің үздігі Сәулебек Жүнісов; танымал ақын Ғазиз Ештанаев т.б.

Әкемді қалың елге, тіпті Республика көлеміне танымал еткенде осы азаматтар.

Жақында, солардың бірі, Тыныштық Орынбеков маған ойда жоқта телефон шалды.

- Төке, менің бір танысым Талдықорғанға барған екен. Ілияс Жансүгіров атындағы мұражайдың қызметкерлері Сіздің әкеңіз Қасым-атаның жадында сақталып қалған, кейінде қағазға түсіріп Сіз өзіңіз апарып қолша тапсырған, Уәлиқызы Майрамен Ілияс Жансүгіровтың өлеңдерін сол кісіге мақтанышпен көрсетіпті. Танысымнан осы әңгімені естісімен Сізді қуантайын деп телефон шалып тұрмын.

- Айналайын-ай, бұдан артық қуаныш болама. “Өзі өлседе аты өшпейді -деген осы да. Әкемді ұмытпаған Талдықорғанға да, жақсы хабар жеткізген, інім, саған да рахмет”.

Өткен ғасырдың басында жазылған осы екі өлеңнің сөздерін, тарихын жадында сақтап келген әкем бірде:

- Баяғыда, ұмытпасам, 1909 жылы болса керек, Уәлиқызы Майра: “Сара апамның туып өскен жерін көріп тағзым етіп қайтам” - деп Ақсу өңіріне сапар шегеді.

- Сара апасының туған жерін аралап болып еліне қайтар шағында әнші Майра “Ақсумен қоштасу” деген өлең шығарып, қалың жұрт алдында әндетіп береді. Сол өлеңін айтып берейін, балам, сен қағазға түсірші деді әкем.

Ақсумен қоштасу

*Қош боп тұр туған жерден алыстағы ел,*
*Той жасап, думандатып табысқан ел.*
*Лепіріп асау Ақсу өзеніндей*
*Өнері дәулетімен жарасқан ел.*

*Қарағаш, ән шырқадым баурайында,*
*Сөзімді ізгілерге арнадымда.*
*Қалғандай өмірімнің бір қызығы*
*Бүркітті, Баян-жүрек тауларында.*

*Ақсуым болсын деймін елің аман,*
*Жаз жайлау, жұпар иісті жерің аман.*
*Аялап еркелеткен серілерің,*
*Болғайда ел басқарған ерің аман.*

*Жан емен келіп кеткен әлде кімше,*
*Сақтармын жүрегімде өлгенімше.*
*Ұмытпа ақ-Майраның әнін сенде*
*Қош боп тұр қайта айналып көргенімше*

**Жас ақын Ілияс Жансүгіровтың жауап ретінде жазған өлеңі (Ілияс жобамен 15 жаста)**

*Майра апай, Сіз едіңіз өнері асқан,*
*Құмар ем сөзіңізге бала жастан.*
*Сайраған үніңізді естігенде*
*Тіл қаттым жастығыма қарамастан.*

*Менде бір талаптанған iнiңiзбiн,*
*Жарқ еткен ұшқынымен жырыңыздың.*
*Қабыл ал өлеңменен өзіңізге*
*Тарту ғып жас жанымның гүлін үздім.*

*Сайрап ед Керекудің жыл құсы кеп,*
*Мәз болып қалған жоқпа құрбысы көп.*
*Сіз бізге жат емессіз, санаймын мен,*
*Сарадай апамыздың сіңілісі деп.*

*Өнердің қанат қағып өріне Сіз,*
*Шықтыңыз құрметпенен төріне Сіз.*
*Еліме қайтып барам десеңізде*
*Ұзатқан қызымыздай көрінесіз.*

*Майра-апай, сізде бізді ұмытпаңыз,*
*Көңілді бізге деген суытпаңыз.*
*Көгімде әніңізді қалықтатып,*
*Ақсуды тағыда кеп қызықтаңыз.*

Бір жолы, сәті түсіп, ақын Сара еліне сапар шектім. Ақсу ауданының орталығы Жансүгіров селосынан жүз шақырымдай жерде Ақсу өзенінің бойында орналасқан Ілиястың туған ауылы, Қызылтаңдағы ақын мұражайына осы екі өлеңді әкемнің атынан табыс еттім. Сол мұражайды кейін Талдықорғанға көшіріпті деп естідім.

Айта кету керек, Әкем Ілияс Жансүгіровтың ақындық талантын ерекше бағалап отыратын. Бір күні әкем Ақын Сара мен Ілиястың Найманның Матай руынан екенін айта келе, "балам, мына бір әңгімеге құлақ салшы" деп сөзін әрі қарай жалғастырды.

- Ілиястың ұлы туындысы "Құлагер" поэмасының Біржан-салға қатысы бар ма? Поэма түгелдей Ақан Серінің өміріне арналмай ма? Солай бола тұрса да, Ілиястың жүрегінде жүрген бір сыр осы поэмада, ойда жоқта көрініс беріп қалады.

Асырған айғай әнін алты қырдан
Әкесі асқақ әннің әнші Біржан,
Ақандай майда көмей, нәзік емес,
Құлақты Біржан ащы әнмен қырған.
Бақырмай домбыраны көкке бұлғап.
Аққудай әсем дауыс-үн сыңғырлап,
Қышуын жаныңыздың майда қасып,
Тербетер жан көңілін биязы ырғақ.

- Осы өлең жолдарынан Ілиястың Біржанға деген көзқарасын анық аңғарғандай боласың. Жеңілейін деп тұрған жерінде:

көрсетші күйеуіңді деп апасы Сараны жерге қаратқан Біржанды Ілияс қалай жақсы көрсін. Апасын кемсіткен адамды амалын тауып, бір түйреп" өткеніңнің несі айып деген еді, ардақты әкем.

Әкей марқұмға бір тақырыпты бастап берсеңіз, әрі қарай өзі жалғастырп әкете беретін.

Әнші Майра жөнінде тағы бір қызық деректі естігенім бар еді. Біздің кинематографтар Майра Уәлиқызының өткен өмірін бейнелейтін туынды шығарғаны белгілі. Кинода Майраның Қоянды жәрменкесінде сайран салып жүрген кезінде милиция киімін киген жас қазақ жігітіне кездесіп (кинодағы аты есімде жоқ т.қ.) ғашық болғаны баяндалады. Әкем: бұл өмірде болған оқиға. Әнші Майраның сүйіп қосылған бірінші күйеуі, сол кездерде милиция қызметінде болған, біздің елдің жігіті Әлмен. Руы қояншы-таңаймен туысатын Дәулеттен тараған Жайықбай деп отыратын.

Бір кездескенімде атақты жазушы Зейін Шашкинның жұбайы, Қазақ ССР-ның халық әртісі Жәмила шешеміз:

- Әкең дұрыс айтқан. Майраның күйеуі сендердің ағайындарың. Біз ол адамды Қояншы-таңай Әлмен деуші едік деді.

Әлменнің сүйегі Қармыс өзенінің оңтүстік батыс жағында өзен бойында жатыр, артында қалған бір ұл, бір қызы бар деп отырушы еді, қайран әкем.

Әкемнің тірі кезі. Біздің үйге Махмұтов Айдарбек бастаған Қазақ ССР-ы Ғылым академиясының тіл білімі институтының бір топ ғалымдары ат басын тіреді.

Экспедицияның мақсаты менің әкемнен ұлттық фольклор мен ауыз әдебиеті жөнінде тың деректер алу болса керек. Бірден әңгіме Біржан мен Сараның айтысы төңірегінде өрбіді.

Біржан-Сара айтысының ел арасында кең тараған нұсқасынан басқа, қалың жұртқа беймәлім, екі варианты бар екенін әкемнің аузынан естіген ғалымдардың бұл әңгімеге үлкен қызығушылық танытқаны әлі есімде. Ұйқылы-ояу отырып үш күн, үш түн магнитофон таспасына әкемнің зердесінде сақталған талай әңгімелерді жазып, алып кеткен ғалымдар (аттары әкемнің архивінен табылды); Нақысбеков Оқас, Керімбаев Есенгелді, Сәрсеков Қабыл, Жүнісов Дүйсенмен Асылбеков Төлегендер баға жетпес сол мұраны, өкінішке орай құрдымға жіберді.

Мүмкін әкемнің еңбегі сол азаматтардың кәдесіне жараған да шығар (ғалымдар ғой, диссертация қорғайды, ғылыми кітапшалар жазады). Бірақ газет, журналдар бетінен әкемнің аты аталмады.

Бұл пендешілікке не деуге болады.

Әкемнің таңғажайып талантына, орасан көп деректерді жадына сақтай жүру қабілетіне кімдер таң қалмады десеңізші.

Қапал-арасан курортында 1990 жылы Мұхтар Әуезовтың ұлы Мұратпен кездесу бақытына ие болдым. Ғалым, фәлсафа, аса дарынды Мұрат мен сияқты “Жабайы қазақтың” әңгімесіне құлақ түріп, қызығушылық танытады деп кім ойлаған. Мен ол кісіге әкемнен естіген мына деректі әңгімені айтып бердім.

Верный қаласында қайтыс болған Абайдың баласы Әбдірахманның (Әбіш) мәйітін алып келе жатқан қаралы көш күн бата бере бір ауылға келіп жетеді. Бұл ақын Сараның ауылы екен.

Абайдың басына түскен ауыр қайғы-қасіретті естіп, қатты күйінген ақын Сара осы көшпен бірге кетіп Абайға көңіл айтып қайтуға бел буады. Өкінішке орай, күйеуі Жиенқұл, Сараның жолын кесіп, бұл ойын іске асыртпай тастапты.

Мұрат ағамыз: “бұл бір мен естімеген тың дерек екен”-деп таңқалды.

Атақты композитор, музыка зерттеушісі Ілия Жақанов 1992 жылдың қаңтар айында жарық көрген “Жұлдыз”журналында (193-бет) әкейдің таңғажайып әр нәрсені жадына сақтау қасиетін былай суреттейді: - Марат Әбсеметов 1977 жылы мектеп бітіріп, жазғы демалыста көршілес жатқан Шет ауданының “Шет" совхозындағы нағашысына келеді. Нағашысы оны Қасым Сырымбетов деген ақсақалмен таныстырады.

Қасым белгілі Маясар ақынмен замандас екен, екеуі кезінде айтысыпты да. Сондай-ақ Қайып, Доскейлерді көріп, Сәкен, Әбікендермен дос, көңілдес жан болған.

Осы Қасым ақсақал Мыржақыптың “Сағыну” әнін сақтап қалған. Бұл кездесу жөнінде Марат Әбсеметов былай дейді: - Мен бұл кісіден Маясар ақын жөнінде хикая жазғым келді. Ә деп сөз бастағанда, “Маясарды қоя тұр, менде одан зор әңгіме бар, жазсаң соны жаз, ол -Мыржақыптың “Сағыну”деп аталатын әні" дейді.

Міне, сол “Сағыну”:

*Айт шыныңды, көңілім, қайда барасың?*
*Қаңғырудан қандай пайда табасың?*
*Тоқталатын келген жоқ па мезгілің?*
*Дамыл таппай күні-түні шабасың.*

*Басыл енді, күлкі болма көңілім.*
*Жүрегімнің жанша берме жарасын.*

*Дейді көңілім сонда маған мұнайып:*
*Сарыарқаның сағынамын даласын.*

*Ең болмаса емін-еркін кезейін,*
*Есіл, Нұра, Еділ, Жайық саласын.*
*Бой көтеріп жүріп сайран етейін*
*Орал, Алтай, Тянь-Шань тауы арасын.*

*Қандай күйде жатыр екен, көрейін,*
*Ер қазақтың еркін өскен баласын.*
*Баяғыдай еркіншілік барма екен,*
*Өз көзімен ерке көңілім қарасын.*

*Әлде билеп кете ме екен басқалар?*
*Сезіп қайтсын сорлы досың шамасын.*
*Хан менен бай, би мен батыр бар ма екен,*
*Сауық сайран, ас пен тойы жарасым...*

Ілия Жақановтың мақаласында әкемнің "портреті" былай суреттелген:

-"Қасым көлбеті келіскен, аққұба, ұзын бойлы, қыр мұрынды, тісі меруерттей жарқырап отыратын қыран пішінді өткір жан". Бұған қосар сөз бар ма?

Әкей марқұм, Қазақтың біртуар ұлдары Ахмет Байтұрсынов, Мыржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаевтар ақталмай тұрған кездің өзінде, олардың творчествосын уағыздап, халық арасына таратып отырушы еді.

Есімде қалғаны Ахмет Байтұрсыновтың "Сарымаса" деген мысалын әкем жатқа айтушы еді. Крыловтың 40 мысалын қазақшаға аударған, Ақаң, өзінің "Сарымасасын" қосып "41 мысал"деген атпен жыйнақ етіп шығарған екен.

Алдарыңызда Ахмет Байтурсыновтың, менің әкем жатқа айтып, қалың жұртқа уағыздап отыратын, 41-ші мысалы- "Сарымасасы":

*Бір малшы көлеңкеге келіп жатып,*
*Қасқырдан иттеріне сеніп жатып,*
*Үстінде көк шалғынның, самал жерде*
*Тырайып, қалды сабаз ұйықтап қатып.*

*Келеді қара жылан шағайын деп,*
*Қапысын ұйықтағанда табайын деп.*

*Малшыны сол уақытта Маса шақты,*
*Оятып, бұл пәледен қағайын деп.*

*Ұйқысын малшы оңды ашпай тұрып,*
*Өлтірді шағып тұрған Масаны ұрып.*
*Көтеріп жерден басын біраздан соң,*
*Қарады жан-жағына мойнын бұрып.*
*Жыланды көрген шақта малшы өкінді,*
*Достығын сарымасаның сонда ұғып.*

*Сөзімнің сөкпеңіздер шолақтығын,*
*Демеңдер сөз жазуға олақтығын.*
*Жыланды малшы көріп болғаннан соң,*
*Келмеді бір-біріне жолатқызғым.*

***

*Мысалы, қазақ малшы ұйықтап жатқан,*
*Жыланды пәле делік аңдып баққан.*
*Пәленің түрін көрген мен- Сарымаса,*
*Халықты оянсын деп сөзбен шаққан.*

*Ойлаймын осы сөз де же жеті деп,*
*Қатты айтсам, сөзім батып кетеді деп.*
*Ұйқысы ашылмаған жұрт өзімді*
*Қорқамын Сарымасадай етеді деп.*

"Сарымасаны" мүдірмей жатқа айтып шыққан әкем: қазақтың жауы сыртта емес, өз ішінде. Ол - алауыздық, іштарлық, надандық, топшылдық пен рушылдық. Елім деп еңірген, ұлтымыздың бағын ашу үшін өмірге келген Ақаңдар, Мағжандар, Мыржақыптар, Сәкендер меңіреу ұйқыда жатқан халқын оятып, көзін ашамын деп жүріп "Сарымасаның" күйін кешіп, мерт болды. Халқымыздың ауызбірлігі мықты болса, сталиндік системаның "тыңшысы", сатқындықтың синониміне айналған "сасық құлақ, жалақ ерін, шолақ белсенділер" пайда болар ма еді? Ұлтжанды, халқына адал көптеген азаматтардың жазықсыз жапа шегуіне, көп жағдайда, осы "жансыздар" кінәлі болды деп отыратын қайран әкем.

Әкейдің жадында қаншама тарихи деректер болды десеңізші.

Шәкәрімнің оққа ұшып жан тапсырар алдындағы айтқан ең соңғы сөздерін, бұл оқиғаға куә болған адам жәйінда әкем "ешкімге тіс жармаңдар" деп ескертіп алып барып айтатын. Оқыйға бы-

лай болған екен. Таудағы қыстауында жүрген Шәкәрімді ұстап әкелу үшін жолға шыққан отрядтың ішінде ауылдасымыз әкемнің ескі сырласы Нақыпов Алтыбай деген кісі де болған.

ОГПУ- дың Семейдегі қысқа мерзімді курсында оқып жүрген Алтекең бұл отряд құрамына кездейсоқ енеді, сондықтан болар Шәкәрімнің кім екенін де білмейтін курсант, отряд басшысы Қарасартовтың сол жолғы алдына қойған мақсатынан бейхабар еді.

Төрең сайда шиті мылтық ұстап келе жатқан Шәкәрімді атуға отряд командирі бұйрық береді. Шәкәрімге кімнің оғы тиді, оны Алтекең кесіп айта алмаған. Ол кісінің есінде қалғаны: Шәкәрім орта бойлы, қаба сақалды, ат жақты адам екен. Үстіне кигені ақ көйлекпен ақ дамбал. Оқ тиіп ауыр жараланған Шәкәрім: “Лаілаһа ілла иллаһ...”деген сөздерді қайталап жатып арасында “шейіт болдым, шейіт болдым" деп көз жұмған екен.

Шәкәрімнің алқымынан алған ажалды асқан сабырлылықпен қарсы алуында үлкен бір сыр бар деп отыратын әкем. Балам, мынаны тыңдашы:

Бұл алпыста түскен түсті,
Көрген істі жасымда.
Сөгуші едім,
Опық жедім
Бәрі менің басымда,
Қаласың қай сайда.

Шәкәрімнің осы өлеңін оқыған әрбір қазақ: шіркін-ай, бұл адам өмірінің ақтық сәтін болжап кеткен ба деп таң қалары сөзсіз деп, ойын тұжырымдаған еді абзал әкем. Бұл әңгіме осыдан 20-30 жыл бұрын болған еді.

Сол бір қайғылы, қанды оқыйғаны көзімен көрген, көп жылдар бойы ауылшаруашылығы саласында басшы қызметтер атқарған, туған елінің аяулы азаматтарының бірі болған Нақыпов Алтыбайдың шаңырағын ұстап отырған немересі Оралтау Қарағанды қаласында тұрады.

Әкем Нарманбет ақынмен Диа қажының өлендерінде жатқа айтушы еді. Әсіресе Нарманбеттің дүние салардағы қоштасу толғауын жазушы Жайық Бектұровқа айтып бергені есімде Әкемнің өз аузынан өлер кезінде осы толғауды жазып алған Жәкең оны жарыққа шығара алмаған.

1990-шы жылы Балхаш қаласындағы "Қазақ тілі” қоғамының жауапты хатшысы, қалалық өлке тану мұражайының директоры Күләш Сардарбекова Шет совхозына барып менің әкеме жолығады.

Әкей Күләштің тобықты руынан шыққан қыз екенін біліп алғаннан соң, қарағым, сенің Нарманбет деген бабаң болған, оның мына өленің білесің бе деп сұрайды. Ол мына өлең еді:

*Адамға абырой мен бірлік керек,*
*Ұят, нысап, намыспен, тірлік керек.*
*Ғылым, білім, ілгері басуға ойла,*
*Еңбек қып ерінбестен болып зерек.*

*Болмайды тағдыр ісін қалай деуге,*
*Ақ соқпақ адастырмас талай жерге.*
*Жақсылар, істі түзет, жұртты күзет!*
*Біріңді-бірің шауып тастай берме.*

Күләш бұл өлеңді естімеген болып шығады. Әкей отырып: “Нарманбетті білмегенің сенің кінәң емес, қазақтың тарихында, әдебиетінде жоқ, жабылып қалған сөздер”деген екен.

“Менің есімде Нарманбеттің талай жырлары бар, жазып ал. Күндердің күнінде Нарманбет жарыққа шығады депті.

Өлкетанушы К.Сардарбекова “Индустриальная Караганда" газетінің 1998 жылы 16 маусым күні жарық көрген санында “Кюй 58-я статья” деген мақаласында тобықты руынан шыққан атақшы күйші Ахметжан Сармантайұлы туралы көп мағлұматты Қасым ақыннан алғанын айтады. Сармантайұлы Ахметжан 1929 жылы қамауға алынып Қарқаралы түрмесінде атылды деген дерек бар.

Қарапайым аул адамының ұлы ақындардың туындыларын саралау дәрежесіне көтерілуі де ғажап құбылыс.

- Табиғат құбылыстарын Иса Байзақовтай бірде бір ақын суреттей алған емес. Балам, тындашы:

*От шашып қызыл жібек маңайына,*
*Нұр төгіп көкжиектің маңдайына,*
*Түсіріп шымылдығын бір заманда,*
*Күн сұлу кіріп кетті сарайына.*

Иса Байзақовтай бір ақын күннің батуын осылай суреттей алдыма?

Жергілікті ақын Бодықов Хасеннің өлеңдерін әкем көп дәріптеген адам, әсіресе “Сарыарқа" деген өленін:

*Ой, Сарыарқа, менің өсіп, туған жерім,*
*Мекен деп шөптің басын буған жерім.*
*Жақ тартып, жалғыз шиден, жалаң аяқ*
*Қозы-лақ жар жағалап қуған жерім.*

деп әндетіп отырушы еді.

Хасеннің ақындық талантын, әсіресе, бір әріптен басталатын сөздерден өлең құрастыру қабілетін әкем ерекше бағалаушы еді.

Бір қызығы, менің әкемді астанадағы зиялы қауымға танымал еткен біздің үйге жиі келіп-кетіп жүретін тіл білімі институтының ғалымдары емес, белгілі сатирик марқұм Оспанхан Әубакіров еді. Сол бір қызық оқиғаны айтпай кетуге болмайтын сияқты.

Бірде ауылға келген бір топ астаналық ақындар жергілікті адамдармен кездесу өткізіп, әрқайсысы өз өлеңдерін оқи бастайды. Кезегі келгенде Оспанхан да шағын кітапшасынан бір-екі сатиралық өлең оқып берсе керек. Сол екі өлеңнің бірі “Соқыршектің хикаясы” - деп аталады екен.

Ақын оқып тұрып өз өлеңінен екі шумағын тастап оқымай кетіпті. Осекеңнің барлық өлеңдерін сүйіп оқитын, әрі жатқа білетін әкем авторға төтенше сұрақ қояды:

-Оспанхан, “Соқыршектің хикаясын” неге толық оқымадың, екі шумағын тастап кеттің ғой?

Ақын сасқалақтап “қай шумақты” деген екен. Әкем орнынан тұрып:

*Бір бөлмеде жатыр екем,*
*Бөлме толған қатын екен.*
*Бір кезде бір жуан сары қыз,*
*Қолында таяқтай жуалдыз,*
*ішімді қайып тігіп жатыр екен-*

деген кезде Оспанхан қарқылдап күліп жіберіпті. Сатирик өзі қатысқан той, жиындарда осы болған оқиғаны айтып, сол бір ақсақалдың мені жаман састырғаны-ай деп қояды екен.

Менің әкемде сатиралық өлеңдерді көп жазушы еді.

Әр өлеңінің өз арқауы, өз кейіпкері болатын, олар: бірге өскен замандастары, кейде адасып басқа жолға түсіп кететін ауылдастары.

Қалың қайын жұртының ортасында жүрген ақын олардан әзіл-қалжыңын аясын ба.

Ертеде бір бөлімшені түгелдей Тілегеновтар әулеті басқарыпты, іштерінде зоотехник Амантай Әбеуов деген кісі ғана басқа рудан екен. Тілегеновтардың біреуінің келіншегі Дәметкен ғана бала бағып бос отырады да, қалғандарының бәрі еңбек етседе, етпеседе ақша алады екен. Әділетсіздікті “жазаламаса” жүре алмайтын әкем былай деп өлең жазыпты:

*Қалмастан “Қармыс” тиді Тілегенге,*
*Завферма, агроном, инженерде,*
*Полевод, воловникпен завхоз,*
*Бухгалтер, лаборантта тағы сен де.*
*Шіркін-ай, Амантайды ауыстырып*
*Орнына қоярма еді Дәметкенді.*

Тағы бір қызық оқиға. Жастайынан бірге өскен досы Кенетай деген ауыл адамы жас кезінде “ көп ширақтық” танытқан адам екен, артынан "совхоздың малын қымтырып кетіпті” деген сөздер көп ереді екен. Сол адам кәртайған шағында бір ағаттық жасап, далада қаңғып жүрген иесіз бұзауды ұстап алып кетпекші болады да оған құрық салады. Мөңкіген жас бұзау ат үстіндегі шалды құлатып мерт ете жаздайды. Осының бәрін естіп қанығына жеткен әкем “Тағы аулаған Кене батыр” деген өлең жазады.

*Осындай ол Кенетай батыр екен,*
*Жаулықсыз, сақалы бар қатын екен.*
*Алты айлық жас бұзаудан жараланып*
*Мертігіп төсегінде жатыр екен.*
*Бұзауда сондай бұзық, қияс екен,*
*Атаға тартып туу мирас екен.*
*Деуші еді аруақ арты жын болады.*
*Сөздері бұрынғының рас екен.*
*Мезгілсіз қартайып-ақ қалғаны ма,*
*Есіл ер жете алмады арманына.*
*Қырғыйдай кастратқа тиуші еді*
*Солардың бұзау кегін алғаны ма?*
*Қысасы бұл жалғанның кетпес деген,*
*Кім білсін, Зәңгібаба қарғады ма.*

Әкемнің сықақ өлеңдері біреулерге ұнаса, енді біреулерге ұнамайтын. “Осы Қасым өлең жазамын деп “ит жеккенге’’ барып қайтып еді, енді тағы басты бұрынғы әдетіне”-деп отырушы еді кейбір шалдар. Сайып келгенде көпшілік әкемді қолдайтын. Кәрім Оспанов деген ескі досы: “өлең шығаруды азайттың” - деп Қасымға деген ренішін мына өлең жолдарымен жеткізіпті:

*Сырымбет ұлы Қасымсың,*
*Ақылменен білімге*
*Тең құрбымнан басымсың.*
*Отыра берсең үйіңде*
*Ажармен тең қатынсың.*

*Қоян жүрек қорқақсың,*
*Бітпейтін іске шорқақсың.*
*іштегі сырды шығармай*
*Аузын буған торпақсың.*

*Казір заман кеңейді,*
*Енді ‘жауыз" демейді.*
*Өтірік жала жабылған*
*Қайта айналып келмейді.*

Бірге өсіп, біте қайнасқан екінші бір досы Халит-молла:

*Тағыда кездестіңбе, батыр Қасым,*
*Сарып еткен өлең жазып өмір жасын*
*Өлеңнен жапа жекті, қояр десе*
*Жұлып жеп ыйығыңды болдың басым* - деп ақынды сынап, мұқатқан болады.

Осы жағдайлар себеп болды ма? Әлде, балаларыма қырсығым тиеді деп ойлады ма, әкем өлеңдерін кәзіргі заманның ақындарындай қарша бората алмады.

Ең өкініштісі: дер кезінде мән беріп, жазып алмағандықтан Әкемнің орасан мол қазынасы өзімен бірге мәңгі сапарға аттанып кетті.

Әкем бауырмал, интернационалист адам еді.

Ол адамдарды ұлтына, руына қарап бөлмейтін. Басқа ұлт өкілдерінің ішінде әкемнің көптеген достары болды. Солардың бірі, ұлты орыс Тарлышов деген кісі еді.

Қарқаралыда туып өскен, қазақ тіліне мейлінше жетік Тарлышов ақсақал қазақтың көп адамдары біле бермейтін мақал-мәтелдерді майын тамызып отырып айтады екен.

Бір күні ауылға Тарлышов келеді. Сол күні қатты жел тұрып дауыл болады, артынан нөсерлетіп жаңбыр жауады. Кеңсе алдында ауылдың арақ ішкен екі азаматы нөсер жаңбырға қарамастан төбелесіп жатыр екен. Тарлышов әкеме бұрылып:

- Әй, Қасым, қазақта мынадай мақал бар:

*Дауыл болмай жауын болмас,*
*Ит балалап сауын болмас,*
*Екі ақымақ қосылып ауыл болмас.*

Мына екі ақымақ ертең ел бетіне қалай қарайды депті.

Бірде Тарлышов өз міндетін дұрыс атқармаған адамға: “адал деген қазаннан шошқаның басы шығыпты” деген екен.

Архивты ақтарып отырып әкемнің туған інісіндей болған кәзір Шешенстанда тұратын Нұрадиев Олхозұрдың хаттарының арасынан бір жас баланың суретін тауып алдым. Суреттің сыртында: *“внучка - дочь Ильяса, ее отцу Ильясу Касеке подарил жеребенка в день его рождений'* - деп жазылыпты. Ильяс 1948 жылы туған. Жалғыз биенің құлынын жаңа туған шешен баласына сыйға тартқан әкемнің жүрегі неден жаралды екен.

Қайран әкем, өзің жоқ болсаңда артыңда өшпес ізің қалды, ел аузында сөзің қалды, басқаларға үлгі болар ісің қалды.

Әкемнің өткен өмірі туралы сөз қозғағанда ол кісінің дінге, жалпы исламға деген көзқарасы қандай еді деген заңды сұрақ туады.

Әкем өз өлеңдерінің бірінде ауыл моллаларын өткір сынға алғаны жұртқа мәлім, соған қарап, кейбір адамдар, ол кісіні атеистер қатарына жатқызуы мүмкін.

Шындығында әкем арабша көп оқыған, діндар адам еді. Бір кездерде Шет өңірінде өмір сүрген Ыстыбайдың Қапашын, Әбрахман мен Смағұл молланы пір тұтып, оларды халық арасында көп уағыздаған менің әкем болатын, Бірақ, әкей шала сауатты, әліпті “таяқ” деп білатін, моллалықты пайда көзіне айналдырғысы келетін, дүмшелерге қарсы еді.

Әкемнің аузынан шыққан мына бір сөздерге құлақ салыңыздаршы.

- Пәленше (үрім-бұтағы ренжіп жүрер деген оймен атын жазбадым т.к.) дәлел оқығанда "Ла ілаһаілла иллаһ Мұхаммәдуи Расу-

ула Аллоhи - Алладан басқа құдай жоқ, Мұхаммед оның елшісі" дегеннің орнына “Ла ілла, ла ілла’’-деп келте қайырып отыр екен.

Мен оған: “сіз осы сөздердің мәнін білесізбе?” дегенімде

- Елден естігенімді.айтамында - деп жауап берді.

- “Ла ілла, Ла ілла” - “құдай жоқ, құдай жоқ" - деген сөз, сондықтан бұдан бұлай дәлел оқығанды доғарыңыз, күнәға батасыз дедім.

Әкейдің бір тамаша қасиеті: сырттай бақылап жүріп-ақ, кейбір талантты жастардың болашағын болжап, жанашырлық танытып отыратындығында.

Бірде, Сәулебектің университетте мұғалім болып жүрген Жамбыл деген баласынан көп үміт күтуге болады деген еді.

Немесе, Касембек хатшы болып жүрген Жезді ауданын түгелдей мұз басып қалыпты, баланың жағдайы қыйын болды-ау.

- Мұқатайдың Сағынбайы бір иман жүзді бала екен.

- Кармыс бөлімшесінің мектебінде оқитын бір бала бар, тегіне тартса үлкен ақын болады деп отыратын. Онысы -ғалым, ойшыл ақын Ғазиз Ештанаев болатын.

Құрметті оқырман! Аяулы Әкемнің туғанына 100 жыл толуы қарсаңында, есімде қалған біраз жәйттарды, шама-шарқым жеткенше, қағаз бетіне түсірген болдым. Әрине, бұл ұсынып отырғаным, үлкен мұраның тинамдай ғана бөлігі. Қазіргі жағдайда, осыған да қанағат дегеннен басқа айтар сөзім жоқ.

# АҚЫН ЖАЙЛЫ ЕСТЕЛІК

Кәріғұл НҰҒЫМАНҰЛЫ,
зейнеткер

1962 жылдың көктемі болатын. Сәске кезі. Мектепке жұмысқа бармақ болып далаға шықсам, аулада бейтаныс үш кісі аттарынан түсіп жатыр екен. Жастары үлкен болғандықтан әдетімше жылы жүзбен сәлем бердім. Оларда менімен бұрыннан таныс-біліс адам-дарша шүйіркелесіп ұзақ амандасып жатыр. Мені не қара басты-үшеуінің біреуін де танымаймын. Тіптен танымақ былай тұрсын, жылы ұшырата да алмай іштей қиналудамын. Бұлардың үшеуі де мені бұрыннан білетіндей пейіл көрсетеді. Танымаса үйге ат басын тіреп түспес де еді ғой деп, салғырттығыма қынжыламын. Үшеуі де жас шамасы қатарлас егде тартқан адамдар болғандықтан, киім-дерін іліп төргі бөлмеге көрпе жайып, жастық тастап, жұбайым еке-уміз алыстағы сыйлы құдамыз келгендей бәйек болып жүрміз. Үшеуі де өзара әзіл-қалжыңы жарасып, дуылдасып жатқанда қапысын тауып, ауыз жақ та шәй қоюға дайындық жасап жатқан жұбайыма: -Бұлар кім? Сенің төркін жұртың емес пе, - деп сыбырлап едім: - жоға, танымаймын, - деп басын шайқады ол. -Онда бұлар жоқ іздеген құдайы мейман болды ғой. Бөлінбеген еншіміз - қонағасы беріп күтіп жіберейік,-дедім. Сөйттім де төргі бөлмеге қайта кірдім. Ұзын бойлы, батыр тұлғалы, жігіттік күш-қуаты қайта қоймаған, бет жүзінде ұлағаттылық аңғарылған, қызыл ширайлы жігіт ағасы нұрлы жанарын маған аударып: - Кәріғұл, біз апаң үйіне кеше қонаға келіп едік. Амандықтарыңды білдік, енді қайтуға бет алып барамыз. Кешегі он саусағынан мөрі төгілген, өнерімен көпке қайыры тиген Нұғыман ағай мен Бағжан жеңгейдің орнына дұға оқи кетейік деп келгеніміз ғой. Енді құдай қаласа ауылға қайтамыз,-деді ол байсалдылық танытып. Сол мезетте ол кісінің әпкемнің "Шет” совхозындағы ағай аттас жалғыз құдасы екенін сезе қойып абыржыған көңілім жай тапқандай: - жоқ, шәй қайнап қалды. Қазанға сыбағаңызды салып қойды, -дедім. Жайланып отырсын дегендей ниетпен. Кәскең маған сол аз ғана уақыт ішінде замандас құрбыларының бірде біреуіне ұқсамайтын алғырлығы, озық ойлылығымен, ақыл-парасат, ше-

шендігімен жүзден шығатын жүйріктер емес-ау, мыңнан шығатын тұлпардай әсер тастады.

Екінші кездесу

1982 жылдың жазы. Түстен кейін мектепте жұмыс бөлмеде отырғанмын. Жұбайым келіп үйге Кәсекеіінің келгенін айтқан соң, жұмысты тастай беріп үйге келдім. Арада 20 жыл өтсе де, қарттықтың ақынға тісі бата қоймағанына таңырқап тұрмын. Амандықтан кейін:

- Саған жоқ іздеп келіп отырмын, -деді Кәскең сәл жымиып.

-Жоғыңыз менен табылса алыңыз, сіз сияқты қадірменді ағадан немді аяйын,- дедім.

- Қашанда кедей адамның жомарт болатыны белгілі ғой, бай болсаң бұл сөзді айтпас едің. Бұйымтайым -“Мақтымқұлының" кітабы. Қышыған жерім-рухани кедейлік,- дегенде бәріміз күлісіп жатырмыз.

-Кедейіміз сіздей болғанда байымыз қандай болмақ? Ұнатқан кітабыңызды өзіңіз көтергеніңізше алыңыз ,- дедім. Менде бұл жерде біреуге кітап беруге келгенде Шығайбайдай сараңдығымның тігісін сөге елпілдеп.

-Құдай бірдеңе берер, бір кітабың жоғалғанда тап бір, қараң жоғалғандай апшымызды қуыра зіркілдеуші едің, неғып жомарт бола қалдың аяқ астынан,- деп жұбайым маңында тұрған сыпырғыштың бір талшығын үзіп алып, шөп басын сындырып “тіпу, тіпу” деп мені ұшықтап жатыр. Оған да бір серпіліп қалдық.

Шәй үстінде Кәскең өзінің ақындықпен жастай араласқанын, бір-ақ одан тісіне тас тигенін, оның қызығын көрмей, шыжығын көргенін ишараттап сездірді. Біз қолқалаған соң төс қалтасынан жыр дәптерін алып, бір топ өлеңдерін оқыды. “Шала молла дін бұзар” деген тақырып өткір сатирамен жазылған.

-Бұл өлеңдеріңізді неге газет, журналдарға бермейсіз?-дегенімізде:

-Біз құрғақ мақтау емес, ащы шындықты жазамыз. Ондай өлең үкіметке жақпайды. Біз енді сол бір беткейлікпен кетеміз де.

Рухани азығым кітап деген соң жаңағы айтқан уағда бойынша “ұнатқан кітабыңызды өзіңіз қарап тауып алыңыз”-деп, кітапханама кіргіздім де, қош айтысып, өзім жұмысыма кеттім.

Айтқан сөзі - дәріс, ақыл, ғибрат, жүріс-тұрысы үлгі-өнегө, шоқтығы биік, табиғи дарын иесінің адамгершілік асқақ бейнесі осы екі кездесуде-ақ есімде мәңгі қалып қойыпты.

1992 жыл.

# НҰРЛЫ АДАМ

Шамшия ҚАСЫМКЕЛІНІ

Мен Атамды - Әке, енемді - Мама деуші едім.

Бүлдіршіндей кезімде босағасына келін болып түскен мен, Ата - енемнің аялы алақанында, туған баласындай, алаңсыз бақытты ғұмыр кештім Мәңгі есімде қалған, нұрға толы сол бір шуақты күндерім, Атаммен Енемнің маған деген қамқоршылығы, ылтипа-ты, сиы басқаларға үлгі боларлықтай еді.

Саналы өмірімнің жартысынан көбі Атаммен бірге өткендіктен, ол кісі туралы меніңде айтарым көп. Атам қатарластарынан шоқ тығы биік, мәдениеті жоғары адам еді. Келініне “сіз ”деп сөйлейтін Атаны көрдіңіз бе?

Ол менің Атам еді Менімен сөйлескенде айтарын: “Сізге мен айтайыншы ...” деп бастайтын.

Атам сыпайы адам еді. Енемізге, балаларына дауысын көтеріп сөйлегенін көрген емеспін.

Балажандығын қайтерсің. Үйге қонақ келсе "әңгіме тыңдасын ” деп немерелерін қасына алып отыратын. Атам оларды “ ұлдың баласы, қыздың баласы " деп бөлмейтін. бәрінде “ немерелерім ” дейтін.

Атам мені де, өз баласындай еркелетіп отырды. Жұмыстан кеш қайтқан кездерімде алдымнан шығып тосып алатын Көктемде қар суы толған жыралардан өте алмай тұрған кездерімде, керзі етігін киіп алып, мені арқалап өткізуші еді.

Атам қанағатшыл, нысапшыл адам еді Ауыл ақсақалдары қонаққа барғанда алдарына қойған асты “жауша жапырып" жата-ды, ал біздің Атамыз болса, алдындағы тарелкаға екі-үш түйір та-ғам салып алатында, асықпай қаужап отыратын.

“Әке, неге тамақты шалдарша асап-асап жемейсіз" дегенімде 'Балам. жасы ұлғайған адамның астан тартынғаны жөн болады" деп жауап беруші еді, абзал Атам

Атамыз кешкі асын кун батпай тұрғанда ішіп алып “тойған қозыдай" болып отыратын. Сондағы барлық ішетіні: бір кесе айранмен бір түйір нанға жапсырылған ірімшік. Бір қызығы, Атам өзіміз жасаған сары маймен ауырған малдың етін татып алмайтын. Ол кісі үшін, арнайы қалаға барып, дүкеннің сары майымен ірімшігін әкелетінбіз.

Атамның бір тамаша қасиеті: қолы бос кездерінде, біздің басымызды қосып, газет-журналдардан оқыған қызықты оқиғаларды мәнерлеп айтып беретіндігі. Ол кісі газет, журналсыз отыра алмайтын. Танертеңгі асын ішкеннен кейін, апыл-ғұпыл киініп алып, поштаға баратын.

“Ата-ананың қадырын қартайғанда білерсің’’деген екен бұрынғылар. Өзімде, “Ене, Әже” атанып, немере сүйіп отырсамда, туған әкемдей болған сол бір нұрлы адамды , ол кісімен бірге өткен шуақты күндерімді сағынышпен жиі еске аламын.

Қабырларыңа Алланың нұры жаусын, кадырлы Ата, аяулы Ана. Үрім бұтақтарыңды желеп-жебеп жатыңыздар.



**Төлеген Қасымұлының балалары мен немерелері**



**Қасымның баласы Мейрам мен оның жанұясы**

# III. Ақын өмірді жырлайды

Қасым  С ы рымбетұлының

өлеңдері мен айтыстары



## 1932 ЖЫЛ

Келдің Кеңес, малмен егес
Көрсең жинап алыңдар.
Бір қаралы тек жаралы
Енді қалған әлім бар.

Совхоз құрдың, кедейді “ұрдың”,
Ішкіздің жалғыз қазаннан.
Аштан өлдім, сенен көрдім
Өлгенім жоқ ажалдан.

Нені білдің, елді қырдың,
Жеткізем деп мұратқа.
Жеткізбедің, жерге тықтың,
Апардың айдап сыратқа.

Колхоз ұйым құрдың жиын,
Мал құртуға әдейі.
Бірік дедің, іріктедің
Ылғи ғана кедейді.

Өлді кедей, тамақ жемей
Социализм осы ма?
“Досым” дедің, “қосыл” дедің
Бердің өлім досыңа.

## ҚАРҚАРАЛЫ ТҮРМЕСІНДЕ

Оқыдым Ләйлі менен Мәжнүн зарын
Ішіме менің дағы кірді жалын.
Есалаң мен де сендей болдым қазір,
Айрылған ел-жұртымнан, тұтқындамын.

Дариға, көздің жасын кім көреді,
Елжіреп бойым балқып кетті халім,
Жасымда, онтөртімде қосылып ем,
Мен күйдім, сен қандайсың ғашық жарым

Дариға, мен де сөйтіп өлемін бе,
Болмаса, тіршілікті көремін бе.
Көргенше мұндай бейнет тез өлейін,
Өмірдің бүйтіп көрген керегі не.

Болмаса, әлде сабыр қылайын ба,
Мен-дағы қанды жаспен жуайын ба.
Өмірдің берген уын ішке жиып,
Келгенше тағы біраз шыдайын ба.

Келе ме хабар жазып көрейін бе,
Келгенше қайтсем-дағы көнейін бе.
Мәжүніндей мен де көріп амандасып,
Бір көріп, сонан кейін өлейін бе.

Шынында, бұл өмірден өлген артық,
Күнде өліп жүргенше қайғы тартып.
Білмеймін өз халіме сенімім жоқ,
Қояйын есім барда сәлем айтып

Әуелі қош бола гөр, ғаріп анам,
Тұтқында жынды болды жалғыз балаң,
Өз жаным не болсада бұйым емес,
Артымда сендер үшін көңіл алаң

Жасымда асырап ең мені бағып
Бетіме келгенің жоқ жалғыз қағып
Жетім жесір кемшілік бәрін көріп
Сонда да шыдап едің, анам гәріп.

Бұл күнде жетпіс төртке келгеніңде.
Айрылып жалғызыңнан жүрсің неғып
Есіме гәріп анам түскеніңде,
Кетеді ішім күйіп, жүрек жанып.

Білмеймін өз халімнің не боларын.
Бойымды кетті билеп қиял алып.
Көзіме өмір ауыр, өлім жеңіл
Таңдауын шеше алмадым айта салып.

Жолдасым сен де аман бол көргенімше,
Ризамын, жаным, саған өлгенімше.
Бірігіп он жеті жыл өмір сүрдік,
Айналып екінші өмір келгенінше.

Сеніңде менен үлкен жаның жара,
Үстіне жүгің ауыр: кемпір, бала
Апырай, кел дегелі көп күн болды,
Келуге жатырмысың келмей шама.

Мен түстім шама жетпес ауыр күйге,
Әйтпесе жатпас па едім өз үйімде.
Келгенде болар ма едің жанға дауа
Қиялға ақыл көнбей болды шара.

Балауса көк балдырған Мүгілжаным
Дариға, не болады сенің халің,
Тым болмаса келмеді жасың онға
Тірідей қалдың жетім, айналайын.

Ой кетсе сенің жақсы мінезіңе
Кіреді бір суық ой жүрегіме
Кейде от боп жанады, кейде суып
Әйтеуір ауыр жара бір өзіме.

Қарағым, сен де аман бол, Шәкен жаным,
Ойыма сен түскенде кетеді әлім.
Бір кетсем бір жаққа жылаушы едің,
Бұл күнде неғып шыдап жүрсің, жаным.

Оқуды елмен бірге оқыдың ба,
Бойыңа білім нәрін тоқыдың ба?
Жасыңнан бақытың мен тілеуің жоқ,
Бәрінен мен кеткен соң шошыдың ба?

Мүгілжан, жүруші едің қағаз жазып,
Бір хат жазсаң болар еді маған азық.
Үйде жазып мазамды алушы едің
Бермедің тым болмаса шимай салып

Білмеймін ішке толған дертім ірі
Әшейін ішім өлген, сыртым тірі.
Бойым сал, денем ыстық, түсім сұрғылт
Белгісіз есалаңның болдым бірі.

Қыркүйек, 1935 жыл.

## ШЕШЕМ ЕСІМЕ ТҮСКЕНДЕ

Қайран анам, қамқор панам
Отыр мекен қапаланып
Жалғыз балаң болды есалаң,
Дертке жалын жамалып.

Шерлеген соң, кернеген соң,-
Бойда қайғы тұншығып,
Көрмеген соң, өлмеген соң
Таң атады күн шығып.

Қатып басым, ағып жасым,
Жаудырадың екі көз.
Таптың тілім, таптың тілім,
Сөйлеймін деп екі сөз.

Қайран елім, туған жерім,
Сені көрер күн бар ма?
Есік берік, басыңда ерік,
Болмаған соң күй бар ма?

Күйдір, жандыр, мені тағдыр,
Шоғын жағып шаланың.
Мүгіл-гүлім, Шәкен-күнім,
Не болады заманың.

Қос құлыным, жас жұлыным,
Тиянағың кім болар?
Сені көрер, жалын сөнер,
Қашан маған күн болар?

Жүрек сазып, барлық азық,
Бес жүз грамм қара нан.
Ерте тұрып, зыр жүгіріп,
Су қайнатып жаранам.

Тозды киім: жалғыз тиын,
Қалтада жоқ қаражат.
Тоғыз айдай, қыстай, жаздай,
Соты келіп болмады.

Тоқта жүрек, жоқ па тілек,
Жатыр елдің бәрі де.
Абақты іші, толған кісі,
Жас бала да, кәрі де.

Наурыз. 1936 жыл

## АШТЫҚ ЖАРИЯЛАҒАНДА

(Қарқаралы түрмесінде)

Сорлы анам, сені ойлап күйдім дағы
Сұм өмір бар қайғыңды үйдіңдағы
Көре алмай көзден ұшқан қос құлыным
От болып өзегіме кірдіңдағы

Қиындық Қызылтаудай қорымдағы,
Сендерді медеу қылып жүрдімдағы
Алды өлім, арты уайым хабар алып,
Жанымды шын өлімге қидымдағы.

Мамыр, 1936 жыл

## АУЫР ХАЛ

(Қарқаралы түрмесінде отырғанда Абайдың сегіз аяқ өлеңінің жобасымен шығарған)

Азайып қаным, ауырып жаным,
Қинады қысты басымды,
Алғасып өмір, күл болып көмір
Ағызды сел ғып жасымды
Жаныма тыныштық табылмай
Өмірден рахат ала алмай.

Тұтқында жүз күн сарғайған жүзбін
Тыныштықпен көрген ұйқы жоқ,
Ойланып қабат, жиырма төрт сағат
Езуді жиған күлкі жоқ,
Өмірдің көріп қорлығын,
Түрменің көрдім зорлығын.

Қартайған анам, шырылдап балам,
Панасыз халі не болар.
Кез болса тесік, табылмай есік
Балдырған шыбық тез солар.
Мүгілжан сәулем, Шәкенім
Білмеймін жайы не екенін.

Жаста алған жарым, зарланып зарын
Тұрмысы қандай хабар жоқ
Жаралы жанмын, өлгенге тәнмін
Сүлдерім тірі амал жоқ,
Күн бар ма кетер қара түн,
Жарқырап шығып жарық күн.

Қараңғы камера, терезе темір,
Есікте құлып, күн суық.
Тірідей өлдім қорлықты көрдім,
Анадан неге мен туып
Суалды солып көнім-ай
Сағындым қайран елім-ай.

Кетеді зәрем, үш айда әрең
Тергеуім бітті аяқтап
-Чернила черный, дело полный
Жазылды қағаз табақтап,
Әкетті - дейді Алматы
Бел связь алып солдаты.

Жазам деп өлең, өзімнен көрем,
Жау болды тілім өзіме
Өлді деп қазақ, ізденіп азап
Жатырмын тауып сөзіме,
Аштан өлген кедейді
Сын қылып айттың демейді.

Есікке келсем, дыбысты берсем
-Не керек дейді часовой,
Жалынып айтам: дәретке, қалқам
Есігінді аша ғой.
Ұрсар деп үрей қашады
Рахымы түссе ашады.

Сартерге барсаң, кешігіп қалсаң,
Ақырар шапшаң бол-бол деп
Қабағын салып, мылтығын алып
Келеді жетіп қос қолдап
Көргенде мұндай сияғын
Өлімге кетер қиялың.

Әрқашан күнде, жатқанда түнде
Ойыңа түсер үй-ішің
Қайғыға бойлап, жете алмай ойлап
Қозғалып кетер тыныштық,
Ішіңді кетер өрт алып,
Жүректі кетер дерт алып.

қазан 1935 жыл.

## САҒЫНУ

Қайран ел, хат жазайын қалам алып,
Қапаста қайғы жұтқан мен бір гәріп.
Білмеуші ем қадіріңді басым сауда,
Сағындым Сарыарқада қайран халық.

Сағынып сәлем жаздым, халқым саған,
Қапаста қайғы жұтып өттің заман.
Емізіп емшек сүтін ержеткізген,
Қамқорым қандай жайда қайран анам.

Сарыарқа саған қайтып келемін бе,
Көре алмай қайғыменен өлемін бе?
Құлыным: Мүгіл-айым, Шәкен-күнім,
Сендерді тіршілікте көремін бе?

желтоқсан, 1936 жыл.

## ЖОЛДА

(1942 жылы 5 тамыз күні Жарық станциясында
вагон үстінде айтылған)

- Әскерге жүріп бара жатып Ақмолаға келген соң, бізді “особое распоряжение’’-деп елге қайырды. Келген соң шешем қуанып “құдай, енді маған жалғызымнан топырақ бұйыр” деп тілек тіледі. Тілегі қабыл болып 4-5 күн ауырып 1942 жылы тамыздың 15 күні қайтыс болды. Шешемді қойып тамыздың 25 күні қайтадан әскерге шақырылдым - деп отыратын Қасым.

Қайран ел, біз кетеміз сендер қалдың,
Барамыз қарсы алдынан оқ ажалдың.
Аман бол, көреміз бе, көрмейміз бе,
Белгісіз не болары шыбын жанның,

Жөнелдік сапар шегіп атқан оққа,
Бір алла берер себеп ажал жоққа.
Мен емес, көптің бәрі бара жатыр,
Ұлы той көппен көрген деген жоқ па.

Қартайған сексен үште қалды анам,
Не болар ержетпеген екі бала.
Астына оқ бомбының шектік сапар
Бір алла рақымымен болсын пана.

Жаста алған жаны бірге қалды жарым,
Шертеді хасыретпен мұңлы зарын.
Құлыным Шәкен, Төкен хош-аман бол,
Жаныңа жаным құрбан, айналайын.

## ДОС АҚЫЛЫ

(Құрдасым Ердесов Есенжолға.)

Сазекең ес білгеннен ұрлық қылған,
Момынның зар жылатып малын қырған.
Мирас боп бесіктегі баласына,
Ұрпағы ұрлық десе жанын қиған.

Балаға ата жолы ұнар деген,
Ұл туса ата жолын қуар деген.
Есенжол шпана боп бұл да шықты,
Ұрыдан барымташы туар деген.

Өнер ме жас жігітке шпаналық,
Қалтадан кім байыды ұрлап алып.
Сазкең Бегдербектен қаза тапқан
“Ұрлықтың түбі-қорлық’’ деген анық.

Қазанға қақталды деп ел шулайды
Алам деп Көкжайдақты іздеп барып.
Есенжол, шпаналық өнер емес,
Мұндайға совет заңы көнер емес.
Қалта ұрлап көпшілікке айқын болдың,

Жаныңды жүз берсең де сенер емес,
Ақша ұрлап сырттан дәндеп кепсің,
Ол әдет ел ішінде керек емес.
Бір күні НКВД біліп қойса,
Екен деп сен Есенжол қоя бермес.

Айтамын достық пенен ақыл қылып,
Қалта ұрлап байыған жоқ ешбір жігіт.
Атаңнан бойға сіңген таста әдетті
Жүрмесін естігендер мазақ қылып.

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ КҮНІНЕ

Арқаның сәлем бердім ардагері,
Мал бағып, егін салған еңбек ері.
Торқалы тойларыңа шашу шашып,
Құттықтап өлеңменен келдім сені.

Еңбекқор ел туғызған ерлеріме,
Ерінбей еңбек еткен елдеріне
Тізгіндеп мылқау, дүлей табиғатты,
Бетпақтың мал өсірген шөлдеріне.

Арқаның егін салған даласына,
Мал баққан адыры мен саласына.
Өрбіткен төрт түлікті түлектерім,
Бұғылы-Тағылының арасына.

Бір кезде құлазыған жапан дала,
Қаңбақ пен мекен болған желге ғана.
Ордасы ет пенен сүт, алтын дәннің,
Мыңғыртқан төрт түлік мал толған сала.

Партия бағалады еңбегіңді,
Өндірген алтын астық, ет пен жүнді.
Ауылдың бүгінгі күн жылда тойы,
Табыспен қарсы алайық осы күнді.

Совхозда толып жатыр озаттарым,
Әр ферма өздері айтсын озаттарын.
Арнаймын барлығыңа шашуымды,
Сөз жетпес айтуыма түгел, бәрін.

Қашаннан жетіп келген айтқан сертке,
Семіртіп мал өткізген жылда етке.
Орденді совхозымның шамшырағы,
Арнаймын өлеңімді Көдебекке.

Ерлерім қолдарыңда табыс кілті,
Тапқаның халық үшін көптің мүлкі.
Планды белгілеген артық беріп,
Жыл сайын өткізейік ойын-күлкі.

Партия, жол бастаған кемеңгерім,
Бақытқа бөлендірген қазақ елін.
Табыспен аяқтауға келер жылды,
Берейік бір ауыздан түгел сенім.

Жасасын жаңа еңбектің батырлары,
Шөп шапқан, егін салған малшылары.
Рахмет үкімет пен партияға,
Атынан тойға келген жас пен кәрі.

## ВЕТТЕХНИК - БОРАНБАЙҒА

Боранбай ферма толған бас пен сирақ,
Қабырға ит кеміріп қалған қирап.
Тарттыңба куәлікке көз алдыма
Шіркін-ай, не қылады көмсең жинап.

Япырмай, бұл фермада ит деген көп
Мал болса жетпес еді бір мая шөп.
Астаудай жоны жалпақ, мойны жуан
Семірген өлген қойдың еттерін жеп.

Ит жүзге қазақ айтқан жетпейді деп
Елуден әрмен асып кетпейді деп,

Сол күйі айтқанының бәрі өтірік,
Ит деген бұл фермада жүзден де көп.

Аңдиды баз басында қалса қозы,
Айырылды сақыманшының тайса көзі
Қойды да қозы түгіл жеп кетеді,
Маңында кісі жоқта келсе кезі.

Боранбай мал дәрігердің міндеті не?
Асырмақ итті жүзден міндетіме,
Әртүрлі ауруды жұқтыратын,
Малдардың переносчик індетіне,

Солай деп оқытқанда айтпады ма,
Әлде сен түсінбедің айтқанына
Ферменде ауру көп, тазалық жоқ,
Жүрмісің дәрігер болып сайтаныңа.

## СОҚЫР ӨПЗДІҢ МҰҢЫ

Мысал өлең

Азаматтары ішімдікке салынған ауылдың жұмысы ілгері баса ма? Күнде төбелес, айқай-шу. Осы жағдайды Қасым “соқыр өгіздің мұңы” деген мысалымен ауыл басшыларына жеткізген.

Қасқа өгіз, қаңтарулы көрдім сені
Тұрғаның таң қалдырды мұнша мені.
Байлаулы күндіз-түні тұрсың жалғыз,
Бишара, бүлдіріп ең сонша нені.

Қайранмын көп күн болды тұрғаныңа,
Кешпестей қандай күнә қылғаныңа
Байлаулы бір қазықта тұрсың жалғыз,
Не себеп мұнша құдай ұрғаныңа.

-Мен сорлы жаным тірі, денем өлген
Айрылдым өткен қыста екі көзден.
Бұл жердің адамдары келмеуші еді,
Мейірімді адам едің қайдан келген

Басында жұрт мақтаған өгіз едім,
Бабымда жүрген кезде семіз едім,
Жылына қанша жегіп айдаса да
Ешкімге оңбаған-ит дегізбедім.

Айдады барлық ферма кезек-кезек,
Бишігін шартылдатып безеп-безеп.
Болдырып қалғанымда басқа сабап,
Ағызды екеуін де бүтін көздің.

Сұм тағдыр қамшы тиіп көзімді алды,
Қаңғырып кетеді деп байлап-таңды.
Тұрамын төрт-бес күндей су татпастан,
Алдыма екі-үш күнде бір шөп салды.

Көзіме елестейді өткен күндер,
Көк қуып ғөләйттаған жазғы түндер.
Айына жаныма бір келмесе де
Бақтым деп ақша алады әлде кімдер.

Күркіреп күнде біреу төбелескен,
Жұмысқа қол тимейді төбелестен.
Боқтық сөз, айқай, керіс бәрі осында
Күн сайын боп жатады астан-кестен.

Не пайда келтіремін мен өлгенде,
Әрине, жегерлік күш жоқ қой менде.
Жем беріп күтімге алып оңалдырып
Қайтеді етке берсе теңелгенде.

Өмірден елім жаққа келдім таяп,
Рахмет келгеніңе жанымды аяп.
Ағатай, айта көрме мен өлейін,
Мен үшін жеп жүрерсің сен де таяқ.

Осылай қош айтыстым өгізбенен,
Өтінді үндемеуді өгіз менен
Аз күнде қоштасарсың бұл дүниемен
Қасқа өгіз.үмітімді үздім сенен.

**БҰЗАУДЫҢ АРЫЗЫ**

Құрметті комиссия, арыз бізден
Бір жәрдем болар ма деп жаздық сізден
Бұл жазған біріншінің біз торпағы
Өмірден тумай жатып күдер үзген.

Бұзаутаз, көз ауруы қабат келді,
Азайтып әлімізді бізді жеңді.
Қарамай уақытысында мал дәрігері
Асқынып кеткенінде кеше көрді.

Түсіп тұр қиыншылық біздің басқа,
Туғанда қызыл едік, болдық қасқа.
Қорқамыз екі көз де көтеме деп
Сау болса жарар еді бір көз басқа.

Созхоздың айтыңыздар бастығына
Мұнысы не, бізге қылған қастығы ма.
Қамады топыраққа бізді әкеліп
Шалғыны жетпегендей Талды-Нұра.

МАЯСАРМЕН ҚОШТАСУ

Ардагер келдім, аға, басымды иіп,
Қайғырып өліміңе, жаным күйіп.
Көз жұмып келмес жолға кеттің жүріп
Бәйгеден үздік келген тарлан жүйрік.

Халқыңның баласы едің елін сүйген,
Ел менен ер өмірін жыр ғып түйген,
Ақиық мұзбалақ ең жерге түспес,
Қиядан қызыл алтай түлкі ілген.

Қақпанның шәкірті едің сарқыт ішкен
Күндей боп бұлттан шығып жерге түскен.
Жырынан Жылқыбайдың арқау алып,
Жәкеңнен асқақ даусың шықты үстем.

Айырылдық ақылды, аға, ақын достан
Ел мен ер өмірін қылған дастан.
Біржан мен Әміредей әнші едің,
Аққумен аспандағы даусын қосқан.

Өлсеңде арманың жоқ қалды сөзің,
Сөйлейсің радиодан өлсең де өзің,
Артында әнің менен жырың қалды,
Аршыған өлеңменен еңбек көзін

Ұлы Отан соғысына даусың барды.
Ерлерім Отан үшін қи деп жанды.
Жеңіске үлес қосқан сенің жырың
Жау жүрек шаттанды бауырларың.

Сайрадың астанада әнге басып
Толқыды салған әніңсудай тасып.
Жырладың жетістігін коммунизм,
Дауысың Алатаудан әрмен асып.

Ойласам күйзеледі менің жаным,
Сіздей ғып кім жырлайды өмір сәнін.
Халқыңның кетпес мәңгі құлағынан
Төрінен Кремльдің салған әнің.

Жайнасын жаңа өмірмен өскен жерің,
Бөленсін ән мен жырға туған елің.
Өшпестей өнегеңмен ұрпақ өссін,
Тілерім шын жүректен осы менің.

Соңыңнан келешектің нұры жансын,
Мәңгіге Ленин тіккен туы барсын,
Майеке топырағың торқа болып,
Ақырға ұмытылмай атың қалсын.

## Т О Л Ғ А У

**( Жауынгер, әрі құрдасым Кәрім Оспанұлына арнадым)**

Уа, дариға сұм тағдыр
Өтесің ердің басынан
Ардақтаған асылын,
Кетесің алып қасынан.

Бір жыл туып бірге өскен,
Құрдасым еді жасымнан,
Басылды ғой бір күнде,
Судай көңіл тасыған.

Бір жалғыз қалды артыңда,
Етемін тәубе осыған.
Отанға дұшпан келгенде,
Аттандық майдан жолына.

Жаратып тұлпар ат мініп,
Қару алдың қолыңа.
Қаптаған қырып сұм жауды
Сұлаттың оңмен солыңа.

Оқығанда романды
Риза болдым соныңа,
Сан өзеннен өткенде,
Берлинге дейін жеткенде.

Қаптаған құрттай немістер
Тұра алмады жолыңа.
Полковник Ұлтанбаев Рәпілбек
Лейтенант Кәрім- батыр деп

Романға жазған оны да
Елің үшін жан қиған
Еңіреген ер едің
Құрбы-құрдас, туысқа
Пейілің ашық кең едің

Әділдігің бір төбе.
Ақылға бай кең едің.
Кездескенде сырласып,
Көңіл ашқан сен едің.

Қош бол енді құрдасым,
Келмес жолға жөнелдің.
Артыңда қалған ұрпағың,
Тұяғы болсын тұлпардың.

Өмір- жасы ұзақ боп,
Бақытты болсын дер едім.
Қош-қош бауырым, қош енді
Бітті осымен өлеңім.

10 маусым,1978 жыл.

## ҚУАНЫШ

Артымда қалып, отымды түтетеді, шаңыраққа ие болады деп жүрген немересі Айдаш үйленгенде шығарған өлеңі.

О, жасаған қабыл болды тілегім,
Қуанғаннан дүрсілдейді жүрегім.
Күнім бітіп жүріп кетсем бір күні,
Отымды кім жағар деп жүр едім.

Бір қалыпта тұрмас шіркін дүние,
Жаратқаннан тілеуші едім күніне.
Бүгін өлсем арманым жоқ халайық,
Иелері келіп кірді үйіне.

Аман болып гүл жайнасын Отаның,
Ұрпақтарым сүйе білсін Отанын.
Өмірлі бол, бақытты бол құлыным,
Бар дауысыммен тілегімді қосамын

## НЕМЕРЕМЕ

Әкеден төрт айында қалып едің,
Жасыңнан еркелетіп бағып едім.
Кешегі Шәкенімнің көзі ғой,-деп
Қолыма сені ғана алып едім.

Тосып ек отыз бес жыл өміріңді,
Қуантты бүгін құдай көңілімді.
Құлыным, қосағыңмен қоса ағарып,
Менің де ақтайтын бол сенімімді.

Туысқан ата менен апаларың,
Олар да беріп жатыр баталарын.
Кем қалмай қатарынан жеткізсін деп,
Бәрі де аяған жоқ қолда барын.

Жасаған бүгін өлсем арманым жоқ,
Кем болып қатарымнан қалғаным жоқ.
Бәтжанжан құтты болсын бұл қадамың
Өлемін бұл жалғаннан армансыз боп.

Қош айтыс бұдан былай “көк суменен”
Қас жауы адамзаттың “көксу" деген.
Кімде-кім жақсы болса онымен,
Өмірін өткізеді өксуменен.

## АРАҚТЫҢ АЗАБЫ

Әйгілі атым, арақпын,
Себепкері мазақтың.
Артық ішсе шамадан
Сол адамға азаппын.

Кеудесіне жел берсем
Қожа болат меңгерсем
Алып ұрып шалшыққа
Торайменен теңгерем.

Есін алып есіртем.
Екі езуін көпіртем.
Еңбектеген ешкідей,
Шал да болса секіртем.

Орға жығып тұрғызам
Тасқа басын ұрғызам
Итке аузын жалатып
Күшікке де жұлғызам.
Көп айтқызып сылтауды
Жұмысынан қуғызам.

Тұрсадағы түзу боп
Көтеремін қызуын
Денсаулығын табанда
Оңай менің бұзуым.

Жұдырықты жалатам,
Тұмсығын да қанатам.
Жанжал жасап үйінде
Әйелін де сабатам.
Кім дос болса менімен,
Міне, осындай тамашам.

## ТІЛЕК

Тілейтінім құдайдан,
Балаларға өмір бер.
Телегей теңіз шалқыған,
Көңермейтін көңіл бер.

Жұқармайтын жүрек бер,
Мұқалмайтын білек бер.
Таудай талап-тілек бер
Аспанға самғар түлек бер
Осы отырған ағайын,
Қабыл болсын тілектер.

Он үш балам, немерем,
Жазғы тұрғы егіндей.
Күндей жайнап көгерем,
Рақымымен алланың,
Орындалды арманым,
Бүгін келсе ажалым,
Армансыз боп жөнелем.

## ҚЫЗ БАЛА

Үлкен немересі Алмашқа арнаған өлеңі.

Өз бақытын өзге жақтан іздеген,
Үйдегі бір жолаушы екен қыз деген.
Ақ ордасын қиып тастап кетеді,
Жүремін деп ана жүрген ізбенен.

Адам-ата, Қауа-анадан бастап-ақ,
Қыз келерін күтіп тұрар басқа жақ.
Алақанын жастық еткен ата-ана,
Болып қалар қапелімде жамағат.

Білмей қалар қыз ана боп кеткенін,
Білмей қалар кәмелетке жеткенін.
Қостанай ма, Гурьев пе, Семей ме
Бірақ, білер үйден отау көшкенін.

Қыз ұзату қандай қызық білгенге,
Қыз ұзатқың келмесе онда үйленбе.
Қыз өсірсең қыз қанатың ұшатын,
Немереңді түсінерсің сүйгенде.

## БАТА

Өмірдегі бір қызығы адамның,
Ержеткені, үйленгені балаңның.
Жолы құтты. ұзақ болсын өмірі,
Тілегі сол ата менен ананың.

Құтты болсын жас келіннің қадамы.
Гүлдей болсын жас жұбайлар заманы
Әдепті бол, ізетті боп қашанда,
Сыйлай білсін ата менен ананы.

Аман болып гүл жайнасын Отаның,
Сүйе білсін жеткіншектер Отанын.
Ұзақ өмір бақыт тілеп жастарға,
Шын жүректен мен де тілек қосамын.

Түсіпбай менен Тиішкенді құдайым,
Атағылсын.анағылсын ләйім.
Немересін, шөбересін сүйсін деп
Жаратқанға мен де тілек қылайын.

## ЕМІЗДІК ЕМГЕН ЖІГІТ

Жас кезінде ауызы арақтан құрғамаған немересіне ренжіп жазған өлеңі.

Ерке болып ата-анаға,
Айым-күнім дегізіп.
Мектепте де шөлмекпенен
Еміп жүрді еміздік.

Бұл күнде де ата-анаға,
Өлдім-талдым дегізіп
Ерке бала есейсе де,
Әлі еміп жүр еміздік.

Екі еміздік айырмасы,
Соңғысында “азу бар"
Себебі онда“молоко” емес
“Водка” деген жазу бар.

## *ЖЕУГЕ МАҒАН МАЙ КЕРЕК*

Қолдан жасаған майды жемейтін Қасымның ауылдық
Кеңеске дүкеннен май босатуын сұрап жазған өлеңі.

85-ке бүгін толған “баламын”
Тік жүре алмай еңбектеп те қаламын.
Ас жейтін де бір тісім жоқ аузымда.
Іше алмаймын үлкендердің тамағын.

Күн көруге маған қандан жәй керек,
Білген болсаң айтыңдаршы, қарағым.
Ел айтады жеуге маған май керек,
Кім береді, оны қайдан табамын?

## ҚАСЫМНЫҢ ХАЛИТ МОЛЛАМЕН АЙТЫСЫ

Бірге өскен ауылдасы, әрі досы, сол кездерде қойшы болып
жұмыс істеген Халит молла, үйіне барған зоотехник Қасымның
қанжығасында байлаулы жүрген шідерін шешіп алып қалады.
Қасым, “бір жағы қалжын, бір жағы шындық” дегендей,
Халит моллаға төмендегі өлең жолдарын арнапты:

Басында молла болдың сәлде салып,.
Ырзықты елден жидың алдап алып.
Құдайдан қартайғанда мүлде безіп,
Қалыпсың шідерімді ұрлап алып.

Білгенге бұл айтқаным шын болғандай,
Басыңа қылған ісің мін болғандай.
Қолыңа, құран тастап, ұрлықты алдың,
Ақыры әруақтың жын болғандай.

Келмесін қатты айтты деп көңіліңе,
Сыйлаймын кетпес таңба өміріңе.
Кешпеймін, шідерімді қайырмасан.
Өлгенде жармасамын кебініңе

Осымен сөз аяғы болсын тамам,
Деуші едің ахыретте ұрлық жаман.
Қояйын шідерімді сұрамай-ақ,
Махшарда иманыңды берсең маған.

Қалжыңның аяғы айтысқа айналып қойшымен
зоотехник "найза" түйістіреді.
Халит молланың Қасымға жауабы:

Алып ем базналық қып шідеріңді,
Білмедім мұнша сасып бүйтеріңді.
Жайдары, жақсы жігіт деп ойлаушы-ем,
Үздім ғой осы арада күдерімді.

Жоқтадың шідеріңді атыңдай-ақ,
Зорлық қып тартып алған затыңдай-ақ.
Тарығып осыншама өлең жаздың,
Базналық көрмеппе едің некен саяқ.

Ат емес, айғыр емес - шідер еді,
Бағасы төрт-бес сомға жүрер еді.
Жазыпсың иман сұрап төлеуіне,
Көп қауым, естіген жан не дер еді.

Жазғаның иман сұрап, сасқаның ба ?
Байлардай күшің асып, тасқаның ба ?
Тыйшығып азғана күн тынып едің,
Тағыда бастамаңды бастадың ба?

Кел, Қаске. тоқтатайық өлеңіңді,
Білемін өлеңге артық өнеріңді.
Бұрында осы өлеңді қоймаймын деп
Бірталай көріп едің көреріңді.

Ырас, мен жасырғаным моллалықты,
Кітапті қорыққаннан әркім тықты.
Пайғамбар хадиспенен айтпап-па еді,
Күші асқанға қылма деп ғиззаттықты.

Қасеке, молла болсам, сенде молла.
Сен бірақ түсіп кеттің басқа жолға.
Хазыреты ғомыр дыбысымен айтпап-па еді:
"Ашиду уалғайвату мына зына".

Айтамын осы сөзді өзің үшін.
Бұл"зына"ғумырында өшпес күнә.
Осымен сөз аяғы болсын тамам,
Сөйлеймін қарсы сөзге келсе шамам.
Ұлы дүбір жүйріксің, шыдамассың,
Шын сөйле, өтірік сөз қоспай бұған.

Халит моллаға берген Қасымның жауабы:

Білесіз ғайбат сөздің күнә екенін,
Күнәсі "зынәменен"бір екенін.
"Ашиду уалғайвату"деген болса,
Аз болмас тапқан күнәң онда сенің

Қалеке, дұшпан болдың бір құдайға,
Соқгықпай жүрмедің ғой бекер жайға.
Лидамен қой күзеткен тамыр болып,
Баландай бажа болдың Төлеубайға.

Құдайдың сыйынамын панасына,
Көнбеймін елдің айтқан жаласына.
Жүн алып Серікпайдан, үзік жауып,
Жүріпсің Қарашәшпен арасында.

Егерде күнә болса қылған "зына",
Қалеке, құтылама сізден күнә.
Ұрлық, ойнас, ғайбатты бірдей қылып,
Құдайдан ұялмастан иман сұра.

Еш адам өз басының білмес мінін.
Мұсылман жалған үшін сатпас дінін.
Құдай жоқ деп кітапті жерге көмдің,
Махшарда не болады көрген күнің?

Қалеке, ұсталарсың ұзақ кетпей,
Өтірік пәле жаптың көзің жетпей.
Орысша ‘бұрық "қылып қоя бердің
Баланды 15 жаста сүндеттетпей.

Тілімді ал, осыменен тоқта, молла.
Айтарың бұдан басқа жоқпа, молла.
Ел сүйер, құдай сүйер қылығың жоқ
Оңбайсын енді түссен біздің қолға.

## БҰЛ ҚАЛАЙ?

Ауылдық кеңестің депутаттығына тәртібі нашар азаматтың усынылғанын естіген ақын дереу қолына қалам алым төмендегі өлең шумағын жазған екен.

Байыбына бара алмадым мен мұның,
Жақсыларын сайлаушы еді ел бұрын.
Төбелесте адам өлсе жазым боп,
Сайлаушылар төлей ме әлде ер құнын?
Қандай адам ұсынды екен, ойпырмай,
Депутатқа керегі не жындының.

## ҚАНАТТЫҢ ӨЛІМІНЕ

Бала күндерінен бірге өсіп, біте қайнасқан Қанат өлгенде топырақ сала алмаған ақын мархумның жақын туыстарына деген өкпесін төмендегі өлең жолдарымен жеткізеді.

Жорға мінген жоғалтады жолдасын,
Көп жасаған азайтады құрдасын.
Жүніс, Әдік, Бейсенбаймен Кәрібек
Бәрі кетті қалмады енді сырласым
Жаратыпты бауырмал ғып қазақты,
Бізді құдай бірге өмірге жаратты.
Бір жыл туған, бірге өскен жолдасым,
Ақымақтар ұрлап көмді Қанатты.
Басқарушы туысқаны Жылқыбай,

Әттеген-ай, ақылды емес жылқыдай.
Жақсы жылқы іздеуші еді үйірін,
Мал құрлыда болмадық-па, жұртым-ай.
Алды иманды, арты болсын қайырлы,
Қанат атың талай жерге жайылды.
Досым едің сала алмадым топырақ,
Ақымақтар осылайша айырды.

10.10.1984ж.

## ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЕРБОЛАТ !

Жолың болсын, айналайын, Ерболат!
Отан - анаң, сен - баласы қолқанат.
Он сегіз бен жиырманың арасы,
Міндетің көп Отаныңды қорғамақ.

Жасың ұзақ болсын, қалқам, денің сау,
Қорғаны бол Отаныңның асқар тау.
Батыр жүрек, құрыш білек қас батыр,
Сендер барда соқтыға алмас ешбір жау.

## КӘРІЛІК

Қар жауды Бұғылыға кетпейтұғын,
Бауырынан бұлақ ақты кеппейтұғын
Қайрылып отыз семсер қынабынан
Ұста жоқ оны баптап, септейтұғын.

## ЖАРЫЛҒАПҚА

Атың жақсы, айналайын, Жарылғап,
Біздей шалды жібере гөр жарылқап.
Ұсақ малдар өліп жатыр, көтерем,
Жем сұрауға батпай жүрмін екі қап.

**БАДАНҒА**

Үлкен баласы Шәкенмен құрдас Бадан деген ауыл азаматы бір күні ақынға сәлем бермей өте шығыпты. Ісі түсіп бара қалса үндемей отыра беріпті. Жас адамның жат мінезі ақынға қалай ұнасын. Қасекеңнің қаламынан шыққан өткір сынды Бадекең мойындап қана қоймай, елге өзі таратып жүріпті. Бұл әрине ақылды адамның ісі.

Ағайындар осы Бадан қазақ па?
Бір мінезі ұқсамайды қазаққа.
Жасы үлкенді сәлем беріп сыйлайтын,
Қашаннан да салт болушы еді қазақта.

Бұл мінездің біреуі жоқ Баданда
Әлде өзгеден артық туған адам ба?
Елден асқан білімді мен ақылды,
Әлде топас түк білмейтін надан ба?

Әлде Бадан сөз білмейтін мылқау ма,
Сөз сөйлейді ұқсамайды мылқауға.
Аузын ашып қиын шығар сөз сөйлеу,
Олай болса үйретейік ымдауға.

Мұның жолын тағы біреу ұстайды,
Егізінің сыңарына ұқсайды.
Екеуі де бір қалыптан шыққандай
Қосу керек қатарына Түсіпбайды.

БАПАПАРДЫҢ АЛДЫНДА АЛ

Жетпіс жылдан бес ай асты қосылғанға басымыз,
Бір жүз алпыс жеті жаста қосып айтса жасымыз.
Екеумізден өсіп-өнген жиырма жеті ұрпақ бар
О жасаған, мәңгілікке қалсын кейін атымыз

Ұрпақтарым қосып айтқан шөбереммен жиенім,
Құрметіңе, о жаратқан, басымды мен иемін.

## БАДАНҒА

Үлкен баласы Шәкенмен құрдас Бадан деген ауыл азаматы бір күні ақынға сәлем бермей өте шығыпты. Ісі түсіп бара қалса үндемей отыра беріпті. Жас адамның жат мінезі ақынға қалай ұнасын. Қасекеңнің қаламынан шыққан өткір сынды Бадекең мойындап қана қоймай, елге өзі таратып жүріпті. Бұл әрине ақылды адамның ісі.

Ағайындар осы Бадан қазақ па?
Бір мінезі ұқсамайды қазаққа.
Жасы үлкенді сәлем беріп сыйлайтын,
Қашаннан да салт болушы еді қазақта.

Бұл мінездің біреуі жоқ Баданда
Әлде өзгеден артық туған адам ба?
Елден асқан білімді мен ақылды,
Әлде топас түк білмейтін надан ба?

Әлде Бадан сөз білмейтін мылқау ма,
Сөз сөйлейді ұқсамайды мылқауға.
Аузын ашып қиын шығар сөз сөйлеу,
Олай болса үйретейік ымдауға.

Мұның жолын тағы біреу ұстайды,
Егізінің сыңарына ұқсайды.
Екеуі де бір қалыптан шыққандай
Қосу керек қатарына Түсіпбайды.

## БАЛАЛАРДЫҢ АЛДЫНДА АЛ

Жетпіс жылдан бес ай асты қосылғанға басымыз,
Бір жүз алпыс жеті жаста қосып айтса жасымыз.
Екеумізден өсіп-өнген жиырма жеті ұрпақ бар
О жасаған, мәңгілікке қалсын кейін атымыз

Ұрпақтарым қосып айтқан шөбереммен жиенім,
Құрметіңе. о жаратқан, басымды мен иемін.

Бүгін өлсем арманым жоқ осылардың алдында
Бергеніне мың шүкірлік жаратушы иенің.

Көп сөйлеуге келмейді әлім, жасым жеткен кәрімін,
Қашаннанда елге мәлім алжитыны кәрінің.
Бар тілегім жаратқаннан осылардың алдында ал,
Ғұмыр жасын ұзақ қылып ұрпағымның бәрінің.

**1988 жыл**

## ТӘЖІБЕКТіҢ ӨЛЕҢІ

Ертеде Тәжібек деген қойшы өз өміріне дән риза болғандық-тан болар, баласы Пұшықты, кемпірі Бұқышты, немересі Елубай-ды өлеңге қосып әндетіп отырады екен.

Тәжекеңнің сол өлеңі:
Сағатым тық-тық жүріп тұр,
Құдай маған беріп тұр,
Он тонналық сестерна
Кәресінге толып тұр.
Кілті Пұшығымның қолында тұр
Пұшығым елге беріп тұр.
Алпыстағы Бұқышта
Бәйгі атындай зытып тұр.
Елуде көрген Елубай
Атқа мініп шауып жүр.

Қойшы Тәжекеңнің бүкіл жанұясы елтірі ішік киіп жүргенін көрген ферма меңгерушісі Тілегенов Қатай: осылар жаңа туған елтірісі жақсы қозыларды қырып жатқан жоқпа деген ойға келеді. Бұл ойын Қасыммен бөліседі. Өз ісіне адал Тәжекеңнің ондай арамдыққа бармайтынын білетін ақын, қойшының өлеңіне бір шумақ қосқан екен.

Сағатым тық-тық жүріп тұр,
Құдай маған беріп тұр,
Он тонналық сестерна
Кәресінге толып тұр.
Кілті Пұшығымның қолында тұр

Пұшығым елге беріп тұр.
Алпыстағы Бұқышта
Бәйгі атындай зытып тұр.
Елуде көрген Елубай
Атқа мініп шауып жүр.
Көк итімнен басқасы
Елтірі ішік киіп жүр.
Оны көріп Қатайдың
Іші оттай күйіп жүр.

Осы кейінгі нұсқа "Тәжекеңнің өлеңі”
деген атпен ел ішіне кең тарапты. 1948 ж.

## КЕР ӨГІЗ
(мысал)

Ет комбинатына баруға тиісті семіз кер өгізді Мағұрыппен Қосыбай деген малшылар жас малға айырбастап алып қалыпты. Кер өгіз қайда деп сұраған басшыларға малшылар: “білмейміз, есікті мүйізімен ашып шығып кеткен шығар" деп жауап береді. Мал басының амандығына жауапты Нұрман деген азамат бұл жерде жауапсыздық танытады.

Нұрмекең ет малына болған бастық,
Бұл барса кім қылады малға қастық.
Малды айдап тоғызыншы желтоқсанда
Бет алып үшіншіні қадам бастық.

Біз келіп сағат үште бұл фермаға
Малдардың түнеу жағын ақылдастық.
Бойында Саржан-қашқан шөп маясы
Қармыстан үш шақырым екі арасы.

Шөп әкеп ет малына бермек болып,
Ферманың соған кетті бес шанасы,
Жиылды бұл ферманың бастықтары,
Қар бүркіп ызғарланды қыстың нәрі.

Қора жоқ мал сиатын бұл арада
Далада күзетуді айтты бәрі.

Таң ата жолаушылар жүріп кетпек,
Мақсаты комбинатқа жылдам жетпек.
Жүктелді түнгі күзет бұл фермеге
Жайлаубек жазып жатыр өшіреттеп.
Іңірде Боранбай мен Аужан тұрды,
Ысқырып қарлы боран, жел құтырды.
Ауыспақ түнгі сағат он екіде
Айналып екі жақтан бұлар жүрді.

Жұмағұл одан кейін Сатайменен
Мүсікен ода дайын Қосыбаймен.

Ауысып бір сағаттан тұрмақ болып,
Бітірдік күзет жайын осылаймен.

XXX

Төрт жаста ет малында бір кер өгіз
Өзгеден артық еді еті семіз,
Басында осы арада туған екен
Бір жасар інісіне болыпты кез.

Кер өгіз жылап, төгіп көздің жасын,
Жан бауырым, кесіледі менің басым.
Айтатын менің саған тілегім бар
Інімсің, менен сенің кіші жасың.
Мұңайып ағасының бұл сөзіне
Інісі сап тыңдады ықыласын.

Болыпты, қалқам, бізді етке бермек,
Аз күнде бәрімізге ажал келмек.
Бұл келген екі жүз жолдасымның
Пышақпен бауыздалып бәрі де өлмек.

Іздейді, санайды да қашып кетсем,
Айтайын бір сөз саған рақым етсең.
Мен болып бұл малменен сен бар дейді,
Білмейді көп ішінде жүріп кетсең.

Сен болып қорада мен қалайын
Жанашыр бауырымсың айналайын.
Есікті аш таңнан бұрын ауысайық,
Бораннан қатты соққан кетті жайым.

Үлкеннің жылап айтқан сөзін сыйлап,
Болады ағасы үшін жанын қимақ.
Ағатай, көп жылама барайын деп,
Күршекті мүйізіменен ашты тырнап.

Ағасы амандасып інісімен
Қораға күршек салды шығысымен.
Ауысып өз бетімен бұлар жатты,
Нұрманның хабары жоқ бұл іспенен.

Әңгіме мен бастадым осындайдан
Көз көрмей көңіл сеніп жансын қайдан.
Осыны,өтірік деп ойлағандар,
Сұрасын Мағұрып пенен Қосыбайдан.

желтоқсан, 1948 жыл.

## " ГЕРОЙ"

Халитпен көмекшісі Сағит екеуі қойды күзетпей, қорғанға қамап тастап, ақ төбетке сеніп, жәйбарақат жата береді екен. Бір күні қойға қасқыр шауып бірәзін қырып кетіпті. Соған қарамастан ферма меңгерушісі Құлатаев Қабен Халитті "Еңбек ері" атағына ұсыныпты деген сөзді естіген Қасым:

*Бойдақ қой бердің Халитке,*
*Бақтырдың оны Сағитке.*
*Қасқырға қойды жегізді,*
*Күзетпей сеніп ақ итке.*
*Сондада "Герой" болыпты*
*Байлау барма "бақ итке"- деген екен.*

## СИЫРДЫҢ ПАРТКОМ ТӨЛЕУТАЙ АНАФИНГЕ АРЫЗЫ
(мысал)

Аужан мен Төлтай деген малшылар кеңшар малына бөлінген шөп пен жемді ұрлап үйіндегі өз малдарына береді екен. Фрида деген сауыншыға бекітіліп берілген сауын сиырлар көтерем болып, орындарынан тұра алмай қалады. Мұны көрген Қасым қолына қалам алып сиырдың жоғын жоқтайды.

Төлеутай, сізге арнап жаздым арыз
Анықтап тексермесең болар қарыз,
Болмаса сізден көмек халім нашар,
Басқаның барлығымен болдым таныс.

Бермеді қыс бойы Төлтай тамақ,
Нәр таттпай кей күндерде тұрдым қарап.
Сүті аз деп басқалардан алалады,
Берген шөп тамақ болмай қалдым жарап.

Сонымен елден бұрын құрыды әлім,
Бұл жердің адамына болдым мәлім.
Туған соң бұзауымды алып кетті,
Сүт беріп асырауға келмей халім.

Жеді ғой шөптің бәрін меншік малы,
Талайдың мен секілді кетті халі.
Семіртті жұнттай қылып ат-сиырын,
Шапқан шөп совхоз үшін деген кәні.

Естідім береді деп бізге кебек,
Қуандым бола ма деп жанға себеп,
Жанымыз бізге берсе қалар еді,
Бермесе өз малына сабан, төсеп.

Тұруға өз бетіммен келмес шамам
Көтерер көңілі түссе үш-төрт адам.
Кей күнде сөткеде бір тұрғызбайды,
Астым сыз жатқан жерім сондай жаман.

Төлтайға тапсырыңыз Аужанменен
Демесін Фридаға тағы сенем.
Тұрғызсын тым болмаса күнде екі рет,
Бой сергіп ширар мекен сонда денем.

Кебекті өзімізге түгел берсін
Меншікке жырмаламай беріп көрсін.
Жеді ғой шөптің бәрін меншік малы,
Демесе енді бізді түгел өлсін.

## ТЫҢДА АҚЫЛДЫ

№4 "Тұмсық" бөлімшесінің басшы азаматтары арақ ішуге әуес болып, өздеріне сеніп тапсырылған жұмысты ақсатуға дейін барыпты. Ақынның осы өлеңінен кейін сол азаматтар "айылын тартып" арақ ішуді доғарған екен.

Меңгерді төртіншіні екінші ауыл,
іс біліп жігіттері болған тәуір.
Алмаса ақылдарын "Ақмағамбет"
істеуге жұмысы да болмас ауыр.

Буларға үйір еді "Ақмағамбет".
"Ақаңды" жандай сүйіп жақтаған көп,
Жүрмесе "ақаң" бастап әдетіне,
Осылар еңбегімді ақтаған деп.

Жігіттер тыңдамаңдар "ақаң", сөзін,
Талайдың соңына ерген, жойған көзін.
Сендерге бір ферманы берді сеніп,
Бірігіп жұмыс істер келді кезің.

Шайкен мен әсіресе Өзбекке
"Ақаңмен"жолдас болған жүрмес көпке.
Сабақ ал өткен істен енді сақтан
Әйтпесе сендер тұрсың өшіретте.

Тыңдасын Бейсенғали бұл ақылды,
Ұмытпас Жаңғабыл мен Дәуренбек те.

## "ТЫРНА" ДЕГЕН СИЫРДЫҢ АҚЫРҒЫ СӨЗІ
(мысал)

Қотыр (шын аты Қалдыбай) деген малшы сауыншы Тәжікенге бекітіліп берілген 'Тырна"деген сиырды, шөппен жем бермей аштан өлтіріпті. Қосыбай деген күзетші де жауапсыздық танытып тілерсегіне дейін сазда тұрған сиырлардың жатар орнын құрғатып отырмайды екен.

*Бөлімшеде болып жатқан кемшіліктерді көзімен көрген ақын сиырдың атынан "Дабыл қағады"*

Көрсетті қыс бойына Қотыр қорлық,
Еш бір жан көрген емес мендей зорлық.
Шөп бермей басқалардан жаман қарап
Апарды көтеремге мұнша қорғып.

Сиыры ем Тәжікеннің “Тырна”атым,
Болғанмен атым Тырна сиыр затым.
Тыртитты тырнадай ғып тамақ бермей,
Жанымнан қорыққанымнан жазған хатым.

Қойды ғой күзетшіге Қосыбайды,
Көрмейді совхоз неге осындайды?
Ұрындым бүін түнде сазда жатып
Мінекей сұрасаңыз біздің жайды.

Қорқамын осыменен өлем бе деп.
Меншіктің малы құртты бар шөпті жеп.
Шошқа тұр өшіретте кебекті аңдып,
Болар ед бізге берсе бірталай сеп.

Құр қалмас шөп жедім деп штаттағы,
Әрине, келген кебек соның бағы
Айтпаймын жеп қойды деп оны күндеп
Далбастап бұл айтқаным жанның камы.

Төлтайда жылап жатыр сорлы “шыжық”,
Жанғандай дозақ отқа жаны шыжып
Жем шөпті бізге деген талап жеген
Меншікке салар ма еді ақша айып.

Қорқамын Қотыр менен Қосыбайдан
Береді бұлар қайдан кебек маған
Кегімді адам болсам алар едім
Қайтейін тілі мылқау мен бір айуан.

Саз жерге тастамаса әттең-жалған
Астыма сабан салса бар ма арман,
Бұл күнде үш-ақ күндік өмір қалды
Қорлықтың арқасында Қотыр салған.

## ӘДІЛ ДЕГЕН СОТҚА ҚАЛАЙ СЕНЕМІЗ?

Кеңшардағы жұмыршы кооперациясына қарасты қойманы жасы жетпістен асқан шала сауатты Төпенов Абзал деген ақсақал басқарыпты. “Абеке, саспаңыз, орнына келтіреміз “- деп кооперация басшысы Асылбеков Алдоңғар деген жас жігіг қоймадан өзіне қажет заттарды алып жүре береді екен.

Ақыры, орнына келген ештеңе жоқ, Төпенов Абзал ”үкімет мүлкін талан-таражға салған қылмыскер” атанып сегіз жылға бас еркінен айрылып абақтыға жабылады.

Сот үкімі оқылып біткеннен соң жыйналған жұрт алдында Қасым: "әділ деген сотқа қалай сенеміз?” деп атылатын өлеңін оқып берген

Төпөнов Абзалдың адвокатының айтуынша өлеңді өстіген аудандық судья Әлібеков: “Мен құрыдым, мен құрыдым” дөп бір түн ұйықтамай шығыпты.

Асылбеков, Алібеков күштеді,
Топаров пен Төпеновты бүктеді,
Жетпіс төртте жерге тығып сорлыны,
Сегіз жылды арқалатып жүктеді.

Асылбеков алғандарын жасырды,
Айла-әдісін адамзаттан асырды.
Көкте құдай, жерде адам көрмеді,
Сорлы Абзал, сорғалаған жасынды.

Крыловтың аңға келген індеті
Азулының әр заманда міндеті.
Елестетті құрбан болған өгізді
Төпеновке үкімнің келбеті

Түзулікті қай мезгілде көреміз,
Әділдеген сотқа қалай сенеміз.
Алдоңғаржан, Абзал құрбан сен үшін
Бұдан басқа не деп баға береміз.

Қасым Сырымбетұлының әйгілі ақын
Хасен Бодықовпен айтысынан
ҮЗІНДІЛЕР
Өкінішке орай Хасен ақынның осы айтыстағы
айтқандары архивте жоқ болып шықты.

Хасен ақын - Нұраталды совхозы атынан
Қасым ақын - Шет совхозы атынан.

Ал, сөйле осындайда, қызыл тілім.
Суындай мөлдір бұлақ төгіл жырым.
Тартайын Ұлы тойға көп алдына
Совхоздың табысының неше түрін.
Жырлайын жырға қосып арқа аруын
Атанған "Бес қазылық" жер сауырын
Ойда -егін, қырында - мал, тауында - орман,
Жайлаймыз Тағылының ен бауырын.
Ежелден ел аузында, жері құтты,
Шөбі май, бұлағы бал, суы сүтті.
Сондай-ақ жазда мая, қыста пана,
Ақыным, бір жерің жоқ мұндай тіпті.
Бұғылы Тағылымен асқар биік
Қылғандай күнге тәжім басын иіп.
Сондықтан Бұғы, Тағы қойған атын
Әртүрлі мекен еткен аңдар сүйіп
Күн сүйіп, жауын жуып сұлу бетін
Тұрады кей күндері сан құбылып.
Өрбітіп саясында жас төлдерін
Жайылған малмен бірге арқар, киік.
Бұғылы, Тағылының тарихы көп
Тұрғандай сан ғасырдың сырын түйіп.
Сайында тал ішінде тал қарақат
Табиғат сыйға тартып қойған жиып.
Бүлдірген мөлдіреген шөп арасы,
Бар байлық бір өзіне кеткен сиып.
Бұғылы Тағылымен асқар белім
Жайқалған арасында бақша, егін.
Бау өсіп жағасында балық жүзген
Төрт тоған - қолдан салған шалқар көлім.

Бұғылы Тағылының арасында,
Оңтүстік Шортандының жағасында
Бой түзеп жас батырдай Дәмеке тұр
Тұрғандай қолын созып ағасына.
Манатай жалғасады шығысынан,
Отау боп енші алғандай туысынан.
Сайында сарқылмайтын шабыны мол
Сап мая шөп тұрады қуысынан.
Ағады Манатайдан сансыз бұлақ,
Сұлудай сыбырласқан сырын сұрап.
Қоршаған айналасын шымылдықтай
Арудың тұлымындаи көкше құрақ.
Қасеке, елімде бай, жөрімде бай,
Арасы шалқып жатқан егінгө баи
Өзенім екі Сарысу Үңірөкпөн
Сан өзен ағып құяр төңіректөн.
Шортанды, Қармыспөнөн Саржанқашқан
Көп ақын жырға қосып өлең өткөн.
Нұраның, білесіз бе, басы бізде
Артығын алғаннан соң бердік Сізге.
Тау түгіл маңайыңда белесте жоқ
Қалайша тең келеді жерің бізге.
Қасеке, малымда артық, жерімде артық,
Салынған көлемі көп егінде артық.
Совхоздың басқара алмай Құландыны
Өткен жыл басқа совхоз алды тартып
Бір тоған уш жыл болды салғаныңа
Арықсыз босқа тұрып қалғаны ма?
Жүрмесін тағы біреу бөліп алып.
Ие бол Құландыдан қалғанына.
Асаудай арындайсың басы қатты
Сыпайы айту керек сөзді тәтті
Буырлы боздан озу оңай емес
Жәй тастап жылдам алар төрт аяқты.
Өседі жеріме сай егін, малым
Малдың төлін, егіннің алтын дәнін,
Аламыз әлде-қайда артық Сізден.
Құсаңда қос ат алып келмейді әлің.
Айтып бер совхозыңның жер байлығын
Бар болса мен білмейтін ен байлығың.

xxx

Ал сөйле, қызыл тілім, аспанға өрлеп,
Қырандай қиядағы қанат сермеп.
Табыспен кемшіліктің сырын айтып,
Мақсатым Ұлы тойда айтып бермек.
Мен сырлап өтірікті мақтамаймын
Мағынасыз, қысыр сөзді жақтамаймын.
Көмкеріп сұлу сөзбен жаман істі,
Сіз құсап, Қасеке мен, ақтамаймын.
Алдында озаттарды айттым талай,
Мал бағып сиыр сауған жан аямай.
Қалайық, енді тексер қорытындысын:
Жоспардың орындалған түрі қалай?
Қасеке, талайларды айттың мақтап,
Жасырып жаман жерін келдің жақтап.
Тер шығып тебіңгімнен мен жөнелсем
Қаларсың айдалада тайпалақтап.
Екі жыл қатарынан сүтім артық,
Үш есе бес айлықта кеттім артып.
Мақтайсың не бетіңмен совхозыңды
Ауданды бара жатыр артқа тартып.
Мақтанам табысыма сенгенімнен
Сөзімді өткізейін өңмеңіңнен.
Сүт бердім сексен тонна артық биыл
Былтырғы осы уақытта бергенімнен
Осындай сүтті сауып сен бердің бе,
Қашаннан маңайыма тең келдіңіз?
Сымпиып сұлу сөзбен сырғанадың
Жүз жетпіс тонна сүтті кем бердің де.
Болама жұлдыз жарық туған айдан
Тасқынды өзен артық жыра сайдан.
Есепте қолыңдағы сиырыңды
Келесің маңайыма менің қайдан.
Қасеке, не бетіңмен мақтанасың,
Сөз сырлап, өлең жырлап шаттанасың,
Екі жыл қатарынан қалдың артта,
Түк бермей үшінші жыл бос қаласың.
Осы жыл Қармыс сүттен үздік, алда

Жүгері жүз елу мың көмген тонна.
Жүз бес боп орындалды бес айлығы
Жүз он бес орындалды кварталда.
Совхозда қалушы еді артта бұрын,
Бұл ферма биыл ашты сүттің сырын.
Табысқа сол себептен жетті қолы,
Сүрлеген жүз елу мың кукурузын
Үлгі алса барлық ферма Ақатайдан
Біледі келетінін табыс қайдан,
Өсірсең бабын тауын жүгеріні,
Планды орындайсың өткен майдан
Күтейік жүгеріні бабын тауып,
Сүрлемге уақықытында дұрыс шауып
Отанға етті де көп өткіземіз
Екі есе әр сиырдың сүтін сауып
Осындай үлкен пайда көрдік мұнан
Болмайды етпен сүтке ешбір күмән
Өсір деп бағалы дән, дала аруын
Партия бәрімізге салған ұран.
Жүгерің өткен жылы артық бізден
Аумадың сонда дағы бұрынғы ізден.
Дұрыстап не көмбедің, не бермедің,
Әйтеуір бір бүкпе бар өзіңізден.
Жүгерің ырыс шығар, таласпайын,
Сүтің жоқ түсінбедім мұның жайын.
Май бітті сүт беретін, жазда бітті,
Ақыным, тостың ба әлде күздің айын.

XXX

Шын ақын шындығымен берік сырға
Емеспін кей сөзіңе тіптен ырза.
Өтелбай, Құдайменді жиі мақтап,
Ұялмай не бетіңмен қостың жырға.
Далбастап әр шұқырды бір мақтадың,
Сумақтап сұлу сөзбен сырғақтадың.
Белгісі жеңілгеннің бұда Сізге
Мақтауға совхозыңнан дым таппадың.
Совхозда толып жатыр озаттарым
Ерім көп еңбек десе бейне жалын.

Атақты озатым көп совхозымда.
Берейін талдап айтып бүгін бәрін.
Кімің бар Манашева Рахимадай
Ағызған сүт бұлағын дариядай.
Халқымның қалаулысы, аяулысы,
Үлгі алған жас сауыншы талай-талай.
Рахима талайларға үлгі болған
Жетем деп ұмытылады артта қалған.
Айтуға бәрін теріп сөз жетпейді
Совхоздан әлденеше сыйлық алған.
Бастығы сауын малдың Сатып алды
Ол құсап кім бағады сауын малды.
Орындап өткен жылы сүт планын
Совхоздың ауыспалы туын алды.
Қартым бар жетпіс бесте Малыбаев,
Қайраты жастан да артық, таңғажайып.
Неше жыл жылқы жағын басқарады
Таппассың жұмысынан ешбір айып.
Қартымның қайраты бар арыстандай,
Кімің бар Ізекеңмен жарысқандай,
Жұмыстан қол үзбестен келе жатыр
Ерінбей еңбек етіп, пенсия алмай.
Тағыда бір қартым бар тым бағалы
Тәжібек жетпіс жаста қой бағады.
Жұбайы жетпіс бірде Бұқыш дейтін
Көктемде қозы күтіп қой салады.
Осындай қарттарым бар әлденеше
Жайнайды жанын салып еңбек десе.
Отырмай пенсияны сылтау қылып
Ұранға жеті жылдық қосқан есе.
Істейміз машинамен бар жұмысты
Жүз жиырма трактор бар әрбір түсті.
Айтайын атын атап озатымның
Басқарған ДТ-менен Беларусты.
Жұманов тракторшы Белгібайым,
Біледі трактордың барлық жайын.
Мың төрт жүз гектар жұмсақ жерді
ДТ-мен өткен жылы қылған дайын.
Баспаков кім жетеді Жылыбайға
Озаты озаттардың Жылыбай да.

Бөларус трактормен өткен жылы
Жер жыртқан төрт жүз жетпіс Құтыбайда.
Тағы да Кәрiменен Сәрсенбаев,
Табысы бұлардың да таңғажайып.
Трактор ДТ-менен мың бес жүзден
Жер жыртқан осыларда барма айып.
Атақты комбайнер Мельманым бар
Бір адам совхозыңнан келмейді пар.
Сезонда төрт жүз сексен егін жиған,
Бірнеше табылады осындайлар.
Комарист, Селенкодай шопырларым
Аямас жұмыс десе шыбын жанын.
Атақты Сансызбайдай шопырларым
Басқаға қол созуға күнде дайын.
Айтпаған достарым жатыр толып,
Тау қазып, тас қопарған, темір жонып.
Үйретіп талай жасты жетілдірген
Басшысы жас инженер Ларионов.
Ұстам бар совхозымда Ситтер деген
Темірді төске салып нанша илеген.
Нормасын жүз қырықтан орындайды
Табысы болған емес мұнан төмен.
Кезекте егін салып егін алу
Бізде жоқ ешбір жұмыс тоқтап қалу,
Ситтердің үлесі көп бұған қосқан
Ол кезде әдеті жоқ шаршап қалу.
Ауылда бригадир бар - Арсанян,
Шөп шауып мезгілінде егін жиған.
Табысын коллективтің құрмет қылып,
Сыйлыққа мотоцикл берген бұған.
Екінші бригадир - Құнанбаев,
Жас қыран ерте ұшқан қанат жайып.
Бригада жиырма алтыншы апрельде
Бітірген сүдіреге ылғал жауып.
Осындай толып жатыр озаттарым,
Сөз жетпес айта берсем оның бәрін.
Әншейін айтқандарым оннан бірі
Айтылмай аты қалды талайлардың
Қасеке, бес айда бар жүз елу күн,
Жүз төртті жүз елуге бөлдің бүгін.

Алты жүз алпыс грамм әр сиырдан
Сүт сауған ұяты жоқ не деген сұм.
Ақыным ұрандамай айт шыныңды
Қазбайын мұнан әрі мен мініңді.
Бар болса озаттарың атын ата
Жоқ болса бір жолата жап үніңді.

XXX

Сұлу сөз сырты көркем, іші мәнсіз,
Мән бермей ішкі сырға жүрген жансыз.
Дәріптеп озатыңды қысыр сөзбен
Сипырсыз, процентсіз, құр плансыз.
Құр сөзбен талайлардың айттың атын
Шындықтан сырғып өткен Сіз бір ақын.
Қанша алды міндеттеме, қанша берді,
Айтарға дәлелің жоқ келген жақын.
Тайбуырыл, қара қасқа, байшұбарды
Мінуге құмар болдың осыларды.
Желденде желісімен озар едің,
Қолыңа түсіре алсаң қос тұлпарды.
Бар болса азбан, тарлан қолдарыңда,
Озбасқа бөгет барма жолдарыңда.
Теңеген арғымаққа шолақтарың
Бәйгеден келмей қалса сорладыңда.

ххх

Қасеке, қай жеріңмен маған жеттің
Қарашы қайда қалдың, қайда кеттім.
Әлі тұр Кермаңдайда өзгерместен
Мен тумай салған үйі Темірбектің.
Беларусь көшіп келген Қызылқойға
Көрдің ғой тұрған үйін қандай жайда.
Он екі шаршы метр бір бөлмеде
Жеті адам отырғанын көрдің қайда.
Қызық ой, Алабұға екі фермең
Көрмедім шатырлы үйді ешбір жерден.
Отыз жыл орнағалы өтседағы,
Қасеке, бір басшың жоқ көңіл бөлген.

Қарашы екі жылда Тұмсық қандай
Жинасаң барлық фермең болмас ондай.
Он алты үи жаңа салған төрт бөлмеден
Секілді жаңа қала орнағандай.
Өткен жыл жаңа үй салдық фермелерде
Жыл сайын жаңалық көп біздің жерде
Жиырма екі үй осы жолы салып жатыр.
Совхозың өмірінде тең келерме.
Үлкейттік орталықты көп үй салып
Фермеңнен ат тоныңды бездің алып
Қарасаң көзіңді ашып жан-жағыңа
Білесің қалғаныңды қайда қалып.

ххх

Қасөкө, бір сөз қостың менен ұрлап
Дәлелсіз бос сөз айттың жоқты жырлап.
Заңына жаратылыс қарсы шықтың
Адамзат ата-анасыз қайдан тумақ.
Айтуға қараңғы деп бармас тілім,
Сонда да көрініп тұр кемшілігің,
Қосылу екі жыныс тарих заңы,
Басталған миллион жыл мұнан бұрын.
Заңына жаратылыс қарсы шаптың,
Далбастап қысылғаннан мұны таптың.
Ел күлер естігенде осыныңды
Қалды деп ортасында бар ұяттың.
Заңы ғой жаратылыс ерге бару
Толған ер кәмелетке әйел алу
Қайтып ал осыныңды, ақын аға,
Далбастап бұл айтқаның жала жабу.
Айыбы жиырма бесте ерге барды,
Көрмедім ерге шықпай өткен жанды.
Депутат тұрмыс құрмай өтсін деген
Өмірде естімедім ондай заңды.

xxx

Ал, сөйлейін көп алдында тілді безеп.
Айтуға тағы келді маған кезек.
Айтайын совхозымның мол байлығын
Лық толған қырқа, дала, сай мен күзек
Қойым бар жиырма үш мың тоғыз жүздей,
Жайлайды Тағылыны жаздай, күздей
Болғанда еті өрік, жүні жібек,
Қойға бай бұл ауданда бар ма біздей
Жүз төрт боп орындалды жылдық план,
Секілді қойым арқар, қозым бұлан.
Орындау жиырма бес мың төрт жүз болса,
Жиырма алты мың тоғыз жүз бердік мұнан
Қозы алдың әр жүз қойға жетпіс төрттен,
Жылда алдың алпыс екі былтырғы өткен
Сексен төрт аналық қой жүз орнына,
Қозының аз болуы сол себептен
Қойымның жартысындай барлық қойың,
Қалыпты бұрын туып өспей бойың
Үлкен үй отауыңнан қалдың артта,
Бұған да таласуға барма ойың.
Сиырым бес мың бір жүз жиырма бас,
Аталдым үлкен аға болсам да жас.
Басы кем мың тоғыз жүз сиырыңның
Ұялмай бұл жағынан тағы талас.
Планы орындалды жүз бес болып,
Мақтанып айтуыма себеп толық.
Жеріме бүгін жеткен ақын аға,
Жетерсің арасына екі қонып
Бұзауды жүзіне алдық алпыс бірден!
Білмеймін кем алдықпа үлкен үйден
Отчет жоқ совхозыңнан, мәлімет жоқ,
Қалайша есептеуді бізден үйрен.
Алып ек елу алты өткен жылы,
Жаңалық былтырғыдан бар ғой міні.
Бес бұзау былтырғыдан артық алдық.
Біліп қой, ақын аға, тағы мұны.
Тоғыз жүз жетпіс бес бас жылқы бағам,

Сіздегі- үш жүз қырық, ақын ағам.
Талас сөз айтасыңба осыған да,
Үш есе артық болдық бұл саладан.
Торғындай менің дағы тарланым бар,
Ой желке, бота тірсек, қаз мойындар.
Жануар шапса жүйрік, мінсе берік,
Бөкен сан, бөрі кеуде азбаным бар.
Кең сауыр тұтам емшек құттарым бар
Қанатсыз болат тұяқ сұңқарым бар.
Су құйса төгілмейтін жорғаларым,
Жел қабыз, бөкен желіс тұлпарым бар.
Бізде бар сіздерде жоқ осы түлік,
Тыңдаңыз ашуланбай ойнап күліп.
Құс деген еті тәтті бір түлік бар
Совхозың көрген емес естіп біліп.
Бізде бар құстан казір үш мыңдай бас,
Көбісі биыл шыққан балапан жас.
Ай сайын шығарамыз екі мыңнан
Шайқайтын инкубатор бір дем алмас.
Саяз ой, мәнсіз жұмыс совхозыңда,
Қай жерден тең келесің совхозыма.
Бас қатып, науқан болса есі шығып,
Басшылар сейілканың жүр соңында.
Мен көрдім біріншіңде бұзауыңды
Басы таз, көзі соқыр көрмес күнді.
Емделмей талайлары өліп кетті,
Сорлылар қарғайды екен әлде кімді.
Бейшара қарғыс айтып өлді ме екен,
Өлерде тілі сөзге келді ме екен.
Көзінде дәрігеріңнің бір майып бар,
Солардың қарғысынан болды ма екен.
Сөзіңді қарсы аламын, ақын аға,
Түсініп сөзіңіздің затын аға.
Өтпейді жүйріктен сын деген мақал
Осылай тоқтағаның ақыл, аға.
Асып ең талай-талай асқар белден,
Бәйгі алған жүйрік едің шаршы өрден.
Жүлде алған сан дәуірде, қайран ақын,
Сорыңа Нүраталды қалай келген.

1957 жыл



**Қасымның немересі Алмаштың жанұясы**



**Қасымның немересі Айдаштың жанұясы**

# IV. Ақын Қасым жаттаған 1916 жылғы бәйіт



Қасым Сырымбетұлының жадында көп жылдар бойы сақталып келген бұл бәйіт поэзия жанрына жататын, қайталанбас ерекшелігі бар, өте құнды, сирек кездесетін асыл қазына, мәдени мұра болғандықтан ақын жинағына еніп отыр.

Бәйіттің шығу тарихымен авторы жәйлі толық мағлұматты Жайық Бектұровтың ақын туралы жазған естелігінен оқи аласыздар.

Әуелі сөз бастайын бір алладан,
Сыйынып бір алладан тілеп жәрдем.
Қылмаса ғафу - рахман фазылымен,
Тағат жоқ, ғибадат жоқ бір ғасырдан,
Тілеймін және жәрдем пайғамбардан,
Ол тақсыр түзу жүрсек бізге қорған.
Алладан адал ниет тілеп жүрсек,
Біз бейбақ құтылар ек түскен тордан,
Және де сыйынамын төрт шадияр,
Әуелі Әбубәкір, Ғұсман, Ғұмар,
Достыңа сыйынғанда медет бергін.
Шер құда, Ғали арыстан, Ғалихайдар,
Пайғамбар жүз жиырма төрт, мың әнбия.
Жәрдем бер біз ғаріпке күллі әулие,
Сабыр қылсам құдырет жеткізер деп,
Жыламай сабыр қылып жүрмін тия.
Иран ғайып фәуидден, қырық шілтен,
Жылатпа досыңыздың біз үмбетін.
Сіздер де мейірбандық назарын сал,
Есіркеп біз ғаріптің қайғы - дертін,
Биби -ғайша, Фатима аналарым,
Жылады ғой біз ғаріп балаларың,
Сіздер де мейірбандық назарың сал,
Есіркеп біз ғаріптің қал - ахуалын.
Өтіпті солардан да дүние сарай,
Солардан қалған заман бермен қарай.
Бұландап асау кердей жүрген басым,
Сол дәурен өтті - ау бізден, о дариға - ай!
Өтіпті бізден бұрын қанша халық,

Келеді бірден бірге мирас алып
Патшаның не қылса да еркі өзінде,
Бүгін бізге қараңғы, ертең жарык,.
Бір мың тоғыз жүз он алтыншы.
Николай мұсылманға қылған тарлық,.
Алдынан ат пен үйді жиып алып
Артынан кісі бер деп қылған жарлық.
Аллаға дін мұсылман зар жылады,
Шулады малын айтып сонда барлық.
Шулады дін мұсылман өлеміз деп.
Не болсақ үйде отырып көреміз деп,
Көп қазақ көнбейміз деп шулап жүрсе.
Сыртынан болыс жүрген береміз деп,
Сойылмен бәрін де ұрып қиратамыз
Өлгенді қалған тірі көмеміз деп
Ізденбей ерте бастан қапы қалдық
Білмейтін көп наданға ереміз деп
Ақыры арты мынау қайғы болды,
Әл білмей артық болып жүреміз деп
Қорықтық қарақшының қарасынан
Мұсылман үзді күдер баласынан
Патшамыз кісі бер деп бұйрық қылды,
Отыз бір, он тоғыздын арасынан.
Тіресті дін мұсылман кісі бермей.
Күндіз күлмей, түн болса ұйқы көрмей.
Бұл жарлықты естідік жәрмеккеде,
Қонғанша ел мекенге жүрдік көнбей.
Ақыры ел қонған соң мекеніне,
Көз жетпей жүріп едік не екеніне.
Қазекем бір шетінен бере берді,
Орыстың қырам - жоям дегеніне
Сөздері бұрынғының қалай бұрық,
Дүние малы барға деген қызық
Жарлының жалғыз ұлы бейнетте жүр,
Бай ұлы Сарыарқада қалды жүріп
Жинады приемға жанның бәрін,
Қазақтың қойша топтап балаларын
Жаманды жарамайтын керексіз ғып.
Іріктеп алды ішінен жарағанын.
Қорқытып орыс қысса бір жағынан,

Қырланып болыс тұрды қыр жағынан,
Малын беріп, қазекең басын ұрды.
Бұл жәрдем бола ма деп тіл жағынан.
Жігіттің алынғаны ылғи ірік,
Сабыр ғып жата алмадық үйде тұрып.
Ақыры алла басқа салғаннан соң,
Сыйынып бір жалғызға кеттік жүріп,
Ал енді елден шықтық алынған соң,
Пендеге пенде болып жалынған соң.
Жамағат шықпасыма лажым қанша,
Басымнан билік кетіп қағылған соң.
Еш жаққа қашқанменен құтылмадым,
Бетіме кетпес күйе жағылған соң.
Қолыңнан көнбегенмен көлер күш жоқ,
Айналам айнадай боп тарылған соң.
Семейге елден шықтық барамыз деп,
Басында көнбеп едік жарамыз деп,
Қуанып ішімізден нанып жүрдік,
Семейде прием бар қаламыз деп.
Орыс ит алдап жүріп жерге тықты,
Қор болдық өтірікке нанамыз деп.
Басынан жанның қамын ойланбадық,
Ауызбен қырамыз да, жоямыз деп.
Ішінен кетпей тұғын кек қылғыздық,
Нөкер ғып көп адамды жиямыз деп,
Біз едік өтпейтұғын жасық темір,
Қыл қимас алмас болдық қиямыз деп.
Күшіміз басымызға болды жаман,
Бармағын тістеп жүр ғой талай адам.
Ақырын құдірет кәрім өзі оңдасын,
Армансыз кім өтеді дүниядан.
Шүкірлік астағыпыралла сансыз тәубе,
Тәубәмды қыла көрме риядан,
Пенденің ғайып нұқсан қатесіне,
Ғафу ет фазыл кәрім ғафу рахман.
Орысқа пенде болдық жасымызда.
Көл шайқап, жем жейтұғын шағымызда.
Кең дәурен, Сарыарқаны бізден алдың,
Денсаулық бергей алла тәнімізге.
Сақтай гөр біз ғаріпті жаббар халық,

Патшаға тұтқын болған біз бір ғаріп
Жақсы мен жаманныңның парқын білмей,
Жиырмаға іліпіп ек жаңа барып.
Қызығын дүниенің көрер шақта,
Айырылған ел-жұртынан біз бір ғаріп.
Орыстың ұстауының түрі жаман,
Елімді көрер-көрмес екі тарып.
Алланың рахматы мен мехнатын,
Біз өлшеп білеміз бе, не қылалық.
Үйде, түзде болса да ажал біреу,
Қырық жыл қырғын болса да ей, халайық.
Оннан соң келдік Семей қаласына,
Шағанның күн - түн катып даласына,
Кір жуып, кіндік кескен қайран, Арқа-ай,
Шынымен енді бізден қаласың ба?!
Жігітті қайтарар деп көше шулар,
Жұмыстың көз жетпейді шамасына,
Ата анам ренжімей шүкірлік қыл,
Қай қазақ ие болды баласына?
Құдірет көрмейтұғын күнге жазса,
Сәлем де барлық қазақ баласына.
Үйіне қамап алды бізді кәпір,
Сол күні түсті бізге заманақыр.
Үйден шығып далаға жібермеді,
Азайып хал - жайымыз бара жатыр.
Мал менен жерді алды деп уайым қылушы едік,
Ал енді басты беріп болдық пақыр,
Сөйлейін аз уақытқа білгенімді,
Қапаста қайғырған соң күйгенімді.
Жамағат ғибарат қып хатқа жаздым,
Ішінде жиырманың көргенімді.
Жігіттер, таршылықтың таттық дәмін.
Күн бұрын ізденбедік жанның қамын.
Егер де мұнан кейін жұмыс көрсек,
Жиделі - Байсын болар бұл тұрғаным.
Жігіттер, тіршіліктен күдері үзбе,
Тілей бер ертелі - кеш тілек - зарын.
Егер де үйге барсақ ұмытар ма ек,
Тұмшалап боққа қамап бұл қылғанын?
Ұлы ғой көппен көрген жалғыз мен бе?

Жасытып көңілімді не қылайын!
Жігіттер, әр не болса құдайымда,
Зередей пайда болмас уайымда.
Жалғыз өзім келгендей бола бермей.
Мен дағы белімді бек буайын да.
Бір алла шын тілесе не бермеген,
Шын тілеп, шыбын жанды сұрайын да!
Сағындым Сарыарқада жүргенімді,
Жазамын таршылықта көргенімді,
Алла ісіне амал жоқ мойын бұру,
Ғанибет дәулет білдім бергенімді,
Бейнетім бастан кешкен көбейген соң,
Ішіме сыймаған соң тергенімді,
Пайда - залал білмейтін сорлы басым.
Мүшкілін халіміздің білдім енді.
Келтірдім бір алладан сөздің басын,
Ағыздым қасіретпен көздің жасын.
Алдымда әлі де болса қатер күн көп.
Бір алла жақсылық қып жарылқасын,
Түсті ғой біз ғаріпке темір кісен,
Кім оң дер падишаның бұл жұмысын.
Жаманның жәрдем болған көмегінен.
Жақсылап көңіл медеу көрген түсің.
Бәрінен қайғы жайы жаман екен,
Сарғайды қасіретпен іші - тысым.
Қызығын өткен күннің жаңа білдім,
Арман ғып несін айтам ендігісін.
Жүруші ек Сарыарқада қылып сауық.
Лепіріп алып - ұшып, желіп - шауып.
Қызыл тіл арман қылып айтқанменен
Алмассың өткен күнді енді тауып,
Біз жаттық ол семейдің үйшігінде.
Бұл жердің танымайсың ешкімін де,
Шықсақ солдат қуалап, кірсең түтін,
Осындай азап көрдік қыс күнінде.
Бір үйге сыймағаннан бес жүз адам,
Бөтен жоқ бәріміз де бір ұядан,
Есікті солдат келіп күзеткен соң,
Біржола үміт үздік дүниеден.
Айрылдық төрт старшын, бір болыстан,

Айырмай қояр ма орыс бір туыстан
Қайғырып қапаменен өлер болдық.
Қамалып елді көрмей алты ай қыстан.
Үйіне және кірдік Никитиннің,
Қызығын ойласаңыз өткен күннің,
Айғыр ғып бір кәрі орысты бізге қойды.
Салқыны соғып кеткендей пері - жынның,
Нан алсақ бір тиынын қас қылады,
Сыра ішіп пайдасына мас болады
Біздің оған пәлен дер шамамыз жоқ,
Келе сала күлдің деп басқа ұрады.
Сол үйде екі ай жарым біз жатқаным,
Күн батып, біле алмадық, таң атқанын.
Ызғары өткеннен соң жамандаймын,
Алланың түзетем бе жаратқанын.
Күзетке қойған солдат есігіне.
Осындай заманменен жаттық сонда,
Даладан жолығам деп келсе біреу,
Шарбақтың жолатпайды есігіне
Осындай заманменен жаттық сонда,
Ел жаққа сәлем жазып анда - санда.
Қасымызға ата - анамыз келгендей боп,
Ел жақтан бір сәлем хат келсе мұнда.
Қуандық біз Семейден қайтамыз деп,
Көргенді елге барып айтамыз деп,
Қайтамыз деп жүргенде бір күні орыс,
Айтады ішке қарай тартасың деп.
Келді де киімің ки, жүр деп айтты.
Төртеуден қатар - қатар тұр деп айтты.
Айтқанындай төртеуден қатар тұрдық,
Бұзылмай осы ретпен жүр деп айтты,
Елдің бәрі жеті тиын нияз айтып,
Көрмеспіз Сарыарқаны дедік қайтып,
Қойдай маңырап, қозыдай шуылдадық,
Сол жерде екі қайта азан айтып,
Алдымыз Ертіс өзен арты терең,
Шулаған бойымызбен жүріп келем.
Алды шығып қабаққа, арты суда,
Сол уақытта дауыс шықты қайтсын деген.
Онан соң ізімізбен қайта жүрдік.

Қайтамыз жарылқады тәңірім дедік.
Қуанған бойымызбен у-шу болып,
Бағана шыққан үйге қайта кірдік.
Сол күні түнеп шықтық, көңіліміз жай.
Таң атса қайтамыз деп елге қарай.
Тағы да орыс таңертең жетіп келіп,
Жүр деді, кешегідей жүрдік жылай.
Келеміз шүбатылып кешегідей;
Бір жылап, бір қуанып неше күндей.
Құр сүлдеріміз келеді түк үрей жоқ,
Не болып, не қоярын ешбір білмей.
Бір уақытта айдап келді барағына,
Қосақтап екеу - екеу санады да.
Пәленшенің баласы түгенше деп,
Жазыпты бір жапырақ талонына.
Қосақтап екеу - екеу жүргізеді.
Шұбатып бір бараққа кіргізеді.
Қосақтап қой құсатып жас жігітті,
Бір алла құдыретін білгізеді.
Алланың әр не қылса келер күші,
Сасыған жаман екен барақ іші.
Сары қымыз, салқын үйді жақтырмаушы ек,
Алланың көрсін деген бұл бір ісі.
Тамағы бізге берген тары сорпа,
Бір кеседен жетпейді, тағы да орта.
Он жігітке бір қара нан береді,
Ол бізге болды дәмі қазы - қарта.
Береді күйедей ғып қара нанын.
Шыға жаздар жегенде шыбын жаның.
Шықпаған мұздаған су берген шайы,
Ал енді оны ішпеске бар ма амалың?
Жіберген ер жігітке бір бейнеті,
Қошқардың тобығындай берген еті.
Бұл сияқты жайтты көргеннен соң,
Қозғалды азаматтың қайғы - дерті.
Шай ішсек самаурынға қанбаушы едік,
Жалындап кетіпті деп талғаушы едік.
Бедіремен ішкең шай бал татиды,
Кім білер басқа түспей пендешілік.
Бәрінен қымбат екен дәретхана,

Жиреніп отыра алмай қылдық нала.
Бар екен мың асқанның бір тосқыны.
Мұны көрсін деген хақ тағала.
Солдаты шығармайды андуменен.
Көпшілік басым қатты даң - дұңменен.
Бәрі келіп жабылды бір басыма.
Нас барақ, қара наны, сары суменен.
Тағы да күнде санап біз байғұсты,
Қаз - қатар тұрғызғаннан зәрем ұшты.
Бұл пенде тіршілікте не көрмейді,
Алланның құдіреті қалай күшті?
Түсірді моншасына тағы да ыстап,
Киім жоқ, абиырды қолмен ұстап
Қотыр тоқты құсатып дәрі жақты,
Біз байғұс неше алуан көрдік қыспақ,
Тағы да отырғызар жап-жалаңаш.
Жақсы- жаман,жас-кәрі бәрі бір бас.
Киімнің иісі түтін, бәрі күкірт
Кие алмай шығар сонда көзіңнен жас.
Барақтың айдап келер тағы ішіне
Не сөз бар құдіреттің бұл ісіне.
Біреу құсып, сол жерде, біреу жылап,
Ауырдық шыдай алмай иісіне.
Шулаған біреу күліп, біреу ойнап,
Жүдеген көп жігіттер елін ойлап.
Ойлағанмен шама жоқ қолдан келер.
Жасыған зығырданың құры қайнап,
Күн суық, құрғырына от жақпайды.
Қараңғы, мезгілімен таң атпайды.
Алданып шаруа жоқ күн батырар
Теңселіп тебінеміз құр тақтайды.
Қара нан, тары көже көрегіміз,
Табылмас іздегенмен керегіміз.
Әншейін ақымақтың белгісі еткен,
Арқада пәлен - түген дегеніміз.
Біз жаттық осындаймен арып-ашып,
Кей жігіт кетіп жатты елге қашып.
Сабыр қылып Аллаға жата бердік.
Берер деп бір жалғыздың өзі нәсіп.
Осындай біз ғаріпке болды қиын

•Шайқалып су болғандай болды миым.
Сары алтын сабыр түбі деген екен.
Азамат әлі де болса, аққа сыйын.
Көл болды көзім жасы төгілгеннен,
Құм болды болат сүйек егілгеннен.
Тағдырдан бұрын өлмек жазуда жоқ,
Қабырғаң сынбайды екен сөгілгенмен.
Біз жаттық ол барақта он бес күндей,
Ажалсыз мехнаттан жүрдік өлмей.
Он бесінші күнінде февральдің,
Санады жүргізем деп маза бермей...
Сол күні ақшам бата, іңір жарық,
Қамады вагоніне бізді апарып.
Отыз екі кісіден мінгізеді,
Қосақтап қой құсатып санап алып.
Жүргізді февральдің он бесінде,
Сол күні өткен дәурен түсті есіме.
Жанның қамын ойланбай ерте бастан.
Бүл күнде өкінемін мен несіне?
Біз міндік отарбаға бір мың кісі,
Вагонныңың кісіменен толған іші.
Ақсары, Берікқара, Кеніт, Көшім,
Екі жүз семейліктен ендігісі.
Жөнеді бізді алып вагонменөн,
Тоқталмай күндіз-түні бөгелмеген.
Сөткесінде біз келдік бір қалаға,
Қаласы Барнауылдың осы деген.
Ол жерден жүріп кеттік тоқтамастан.
Іше алмай жөндеп тамақ, жүдеп аштан.
Әр жерде станцияда құр су берер,
Өтті ғой нелер күндер біздің бастан.
Новайда Николай дер бір қаласын,
Жаңа қала деген сөз мағынасы,
Ертең кешке сөткеде соған келдік,
Семейден екі сөтке жер шамасы.
Поезді тоқтады сонда біраз.
Нан алып жанның бәрі болады мәз.
Аяқ-қолы тимейді жүгіргенде
Мамырлап жүре алмайтын не қоңыр қаз.
Ол жерден біраз тұрып жүрдік тағы,

Поезға мініп алды жанның бәрі.
Одан екі нкі сөткеде Омбы келдік,
Теңселіп мехнатпен шыбын жаны.
Омбыда бір тексерді тұра қала,
Қарады шыны салып доктор жаңа.
Кешке жақын поезбен тағы жүрдік,
Жансызды жүйрік қылған хақ тағала,
Омбыдан бір сөткеде келдік Ешім,
Кім білер мехнаттың ерте-кешін?
Терезеден қараймыз тамаша етіп.
Көрмеген жүріп бұрын жол мәнісін.
Тағы да одан жүріп Түмен көлдік,
Құдірет айдаған соң, бәрін көрдік,
Семейден біз шыққалы неше күндей,
Тоғайсыз құр жерді бір көрмедік.
Тағы да одан жүріп бардық Ірбіт,
Шаршамас отарбасы сондай жүйрік
Станция көп қайнаған құр су берер,
Жүгірер бедіре алып барша жігіт
Кім барса бұрынырақ су алады.
Соң барса су да жетпей құр қалады.
Бәрін тегіс айтуға атын білмей,
Қаланың көптігінен көз талады.
Қарағай, қайыңменен жол қабағы,
Қайысқан қатарласып екі жағы,
Күрек ұстап, шойын жол, қарын аршып,
Кәрі-жас көп матушке тұрар тағы.
Тағы да одан жүріп келдік Пермьге,
Біз жаттық ол Пермьде киіз үйде,
Отыз екі кісіден отыз үйге,
Кіргізіп санап алар әрбір күнде,
Тартқаным жаздай-қыстай сары уайым.
Сөйлейін қапастағы көрген жайым.
Қазақтың киіз үйін көргеннен соң,
Қуандық үйімізге барғандайын.
Моншаға таң атқан соң түстік шулап,
Қорқамыз тағы егед деп жүрек тулап.
Ине суғып өкпеден сүзек екті,
Ежіктеп егілмесе қайта сурап.
Қатар-қатар шешінтіп қайта сұрар,

Егілмеген табылса орыс ұрар.
Қайда апарып сақтармыз шыбын жанды,
Ектірмесек ұрады, ексе ауырар.
Жатырмыз мұнда келіп бір қиырдан,
Ырзығын теріп жедік біз бұйырған.
Күнде, түнде шақырып тамақ берер,
Үстелге отырғызып жиырмадан.
Құдай-ай, бұл бейнеттен өзің айыр.
Қай жерге апарады білмен зайыр.
Қайтарады деген сөз күнде естиміз,
Иә, алла, қыла көргіл, артын қайыр!
Пермьде он екі күн тоқтап жаттық,
Алланың берген ырзық дәмін таттық.
Жүрген-тұрған, көргеннің бәрін жазып,
Қағазбен тағы да елге сәлем айттық.
Бір күні тағы да орыс келді жүр деп,
Жүретін поезд тосып қарап тұр деп.
Отыз төрттен вагонға тағы мініп,
Баяғыдай поезбен тағы жүрдік.
Жөнелдік тәуекел деп жалғыз хаққа,
Құдая пәруар дегер өзің сақта.
Біз бүйтіп тобымызбен келер ме едік,
Басында келсек егер ынтымаққа?
Нашарлап кеткені ме ислам діні,
Теңселіп дамыл көрмей күндіз-түні.
Одан тоғыз сөткеде Петроград,
Қаласына кеп жеттік сөздің шыны.
Қаласын Петроград ішке бейім,
Тоқтатты бізді ол жерге кешке дейін.
Асты-үстінен отарба бірдей жүрер,
Орыстың айласына мен не дейін.
Көз жетпес Петроград айналасы,
Қаламен толған екен жер даласы.
Көп қала, көп көшесін көре алмадық,
Шетімен жүріп кетті отарбасы.
Келеміз отыз күндей тынбай жүріп,
Перьмде он екі күн тоқтап тұрып,
Петроградтан шығып ертеңіне,
Псков деген қалаға жеттік келіп,
Тоқтатты ол Псковтың ортасына,

Түсірді тағы да ыстап моншасына.
Басың жұмыр пенде боп жаралған соң,
Не келіп, нелер кетпес бір басыңа?
Бізге кеп вагоныңнан түс дейді орыс.
Бараққа барасыңдар бүйрек бұрыс.
Киім ол- пұлды арқалап зорға жеттік.
Шабан ат мінбейтұғын біздей байғұс.
Біз жаттық ол барақта жеті сөтке,
Таласып бір жапырақ жасық етке.
Ылғи жас заманыңа кез келтірген.
Қайтейін амал нешік құдіретке?
Соғысқа бізді әкеліп қойды жақын,
Окоп деп қазған ордың айтар атын
Төбеден айырплан келген шақта
Ес кетіп, жер табылмас панaлайтын
Мұхамбет рассұл алла дінге шырақ
Ата-ана, елден жерден кеттік жырақ
Жалғыздың жары құдай дегендейін
Сақта деп бір өзіңе жүрмін жылап.
Төбеден айырплан келген шақта,
Денеден таба алмаймыз жанға тұрақ
Жанашыр жақыным жоқ маңайымда.
Сақтай гөр жалғыз алла өзің бірақ,
Үйде, түзде болса дағы ажал біреу.
Бір алла ажалсызға берер, себеп.
Ғаріп қып құдірет кәрім қайғы салған.
Көп ойлап өткен күнді қылдық арман.
Сөз жетпес, көз көрмеске кеттік ұзап,
Қылмаса бір жалғыздың өзі дерман.
Тілеген адал ниет тілеуің жоқ,
Ылғи жас қорықпаушы-ең бір құдайдан.
Орыстың тілегіне кеттің ауып,
Тілеген тілегіңді берсін қайдан.
Әліде жақсылықтан күдер үзбе,
Тәубә қыл шамаң келсе мынадайдан.
Бұл істі бір мен емес, көппен көрдік,
Алалық алтыбақан дерттен көрдік.
Бейне бір құдіретті сынағандай.
Сақтар деп сақтар болса сертпен жүрдік.
Жат жақты жаратқанға күзеттіріп,

Жақынмен ырылдасып иттей үрдік.
Бүлдіріп ердің құнын, елдің бұлын,
Еліріп ерегіске екі-үш күндік.
Киреді тентек есі түстен кейін,
Мүшкілін халымыздың енді білдік.
Қырағы қия жазбас сұңқарым-ай,
Қажымас қашық жолдан тұлпарым-ай!
Үйілген өлексені өрге сүйреп,
Шығармақ тау басына іңкәрің-ай!
Жарқырап жақсылықтың таңы атпады.
Түнерген төбемізден бұлт арылмай,
Көк итті көп ит сыққан секілденіп,
Жеседе шыдай беру бір жарылмай.
Ішінде жиырманың мұңдай қылған,
Қайтейін құдірет кәрім құдайым ай!
Болайын несіне риза туысыма,
Туыппен тар заманның уысына.
Шама жоқ жан-жағыңа қол созарлық,
Тар көрдің тығылғандай қуысына.
Қорғалап шын сөзіңді айта алмайсың,
Туғаның бүйтіп қор боп құрысында!
Бар пайдаң өз басыңнан артылмаса,
Мал құрлы мағына бар ма тұрмысыңда?
Аққа айналар, қараға байланар деп,
Айтыпты пайғамбардың хадисында.
Төбеден айырплан күнде келер,
Келгенін орыс-қазақ бәрі көрер.
Хауіп қып ет жүрегім шыдай алмай,
Ғаріп жан сасқанынан жерге кірер.
Қайтейін қайран ел-ай қалдың алыс.
Сұм жәлеп жебіреймен болдық таныс.
Дүрсілдеп жан-жағыңнан мылтық атса,
Қысқарып ұзың бойың болар қарыс.
Өкпектеп жұмыс қыл деп солдат ұрар,
Жығылсаң жанашыр жоқ қолыңды алар.
Басына ылғи жастың түскен құрық,
Бұл бейнет енді бізден қашан қалар.
Иіріліп жер барақтың маңайына,
Сыймаған Сарыарқаның сарайына.
Құдайым пиғылына кез келтірген,

Бұзылған ылғи жастың талайына.
Қайтейін қызығыңды қайран Арқа.
Тел еміп сарыарқада болдық марқа,
Нашарлық, еш кемшілік болмайтұғын,
Табылар күн болар ма қайран орта.
Тауыса алман арманыңды сенің айтып,
Қызығын көреміз бе енді қайтіп.
Болады ілгеріде қандай заман?
Қояйын енді ел-жұртқа сәлем айтып,
Әуелі қош бола көр үлкен атам,
Сәлемат себебінде жүрміз батаң.
Нұр үстіне нұр болар көрсек егер.
Көрмесек көшіре гөр болса қатам!
Және де қош бола гөр ғаріп анам!
Ғаріптік сапарында жүр ғой балаң.
Балаңды қайда жүрсе тәңір сақтар.
Тарығып балаң үшін болма алаң!
Бұрыңғы қызық дәурен болмаған соң,
Тарығып шаршаған соң қапаланам.
Жатырмын өз қатарлы құрбымменен,
Бұл жұмыс келген емес жалғыз маған.
Арманың болмас еді анам сорлы,
Бір иіскеп мауқың бассаң тамағымнан,
Жазайын және сәлем ағаларға,
Анама еш нәрсе жоқ бағаларға.
Үлкеніңе, кішіңе түгел сәлем.
Кейінгі бізді білген балаларға.
Жазайын және сәлем жеңгелерге,
Жеңгемен ешбір адам тең келер ме.
Қарындас пен ініге көп-көп сәлем,
Бірігіп күн болар ма бір жүрерге?
Жазайын және сәлем құрбыласқа,
Құрбының басқа жаннан жөні басқа.
Жақсыға айтса білер деген екен,
Немене айтып-айтпай ұға алмасқа?
Ақыл-айла, өнер жоқ, білімде жоқ.
Қаперсіз еш нәрседен жүрдік босқа.
Ақыры сол надандық себебінен,
Бұл күйге ұшырадық мынау тұста.
Қадірін өткен күннің жаңа білдім

Басымнан өте шықты қапылыста.
Жазайын және сәлем мен ініге,
Ойнаған зар болдық- ау бір күніме.
Отыз күнді ойынмен өткізсек те,
Татымас Сарыарқаның бір түніне.
Сөз артын осыменен тоқтатайын.
Ұзартып дәмсіз қылып сөйлей бермей.
Семипалат үлкен қала, облысым,
Қарқаралы уезі ел туысым.
Алтыншы ауылнайдың қазағымын,
Жер атын Берікқара дер болысым.
Баласы Ерікбайдың Ержан атым,
Шығарған түзде жүріп хиқаятым,
Ақын жігіт емес ем, ақылым аз.
Сөкпеңіз қате болса, жамағатым,
Бір мың тоғыз жүз саны он алтыншы,
Жылында біз патшаға болдық жалшы.
Он жетінші жылында май айының,
Күнінде елге қайттық жиырма екінші.

**Май 1917 жыл.**

# V. Ақын рухына тағзым

## Арнаулар

## Хаттар



# ӨЛГЕН ЖОҚ АҚЫН

(Қасым Сырымбетовтың рухына)

*Ғазиз ЕШТАНАЕВ,*
*ақын, филология ғылымдарының кандидаты*

Өлген жоқ ақын,
Өлгенге оны қоспаңдар,
Өлтірмес оны пейілі таза, дос жандар.
Ақын дегенің аламан өмір-бәйгеге
Өлең жүйрігін, өрен жүйрігін қосқандар.

Ақын дегенің Күн болып шуақ төккендер,
Оранып нұрға жатады сосын көк пен жер.
Ақынын танып, аялай алмас пенделер -
Бақытын басқа тепкендер.

Ақын дегенді нөсерлеп төккен жыр де сен,
Ақыннан сұра тірліктің сырын білмесең.
Бүлініп жатқан, сүрініп жатқан тағдырға
Ақынша қара, күлме сен.

Өлең дегенің ақынның көз жас тамшысы,
Аһ ұруменен кетпеді дейсің қанша ісі.
Алдымен барып арқасын тосар, ойнаса
Тағдырдың дырау қамшысы

Ақын дегенің арманшыл, асқан кемеңгер,
(Ағайын-туыс, артық айтты демендер).
Ақын дегенің бүлкілдеп жатқан жыр-тамыр
Ақын дегенің шатынап сынған емендер.

Өлген жоқ ақын,
Өлгенге оны қоспаңдар.
Өлді дей көрме, пейілі таза дос жандар!
Ақын дегенің мәңгілік бітпес додаға
Өлең жүйрігін, өрен жүйрігін қосқандар.

# АҚЫН АТА

*Күләш САРДАРБЕКОВА*

Арнасы толып аққан өзендейін,
Бұрқырып төгіліп ед өлеңдерің.
Береке-құты болып өз еліңнің,
Жүрмісің ақыл-қазына, кемеңгерім?

Иіліп сәлем берем жырау-ата,
Ғаламат дархан-дарья жырың, Ата!
Келгенше қайта айналып жыр жинауға,
Сақтай тұр ашылмасын сырың, Ата

Кішіге үлкен атын атамақ жоқ,
Көлденең кесе алдын аттамақ жоқ
Құрметпен салтты бұзып Ата атын,
Тарихқа жаздым ойып "Қасым ақын"

Жетпіс жыл қосағымен қоса ағарып,
Халықты өнерімен тамсандырып,
Қарт жырау отырса екен таң қалдырып,
Қоярмын тарихта бір там салдырып.

Қарттарым сексен жасқа сергек келген,
Ауылдың бетке ұстары, көпті көрген.
"Оқ жонып тон пішеміз" ізіңменен,
Сиымыз осы болсын Сізге деген.

Арғынның бір ұрпағы менмін, Ата,
Сұрасаң атым Күләш - қызың, Ата.
Ғұлама туған елдің бар мұрасын
Жинайтын көп аузынан алып бата.

02.11.1985 жыл.

## АРНАУ

*Мағауя МЕДЕТБЕКҰЛЫ*

*Қашанда қарайды ел асылына*
*Ас бердің Сырымбеттің Қасымына.*
*Әруағы әкеңіздің ырза болсын,*
*Төлеген, жақсы құрдас, жақсы құда*

*Құдайдан бала неге сұралады,*
*Өз жанын өзі берген бір алады.*
*Мәселе әруақтың артын күту*
*Алламен Пайғамбардың бір талабы.*

*Өзі өлгенмен Қасекең жүрер ойда,*
*Жақсының жақсы атағы қуат бойға.*
*Рахмет туған-туыс, қабыл болсын,*
*Асыңыз айналдырған артын тойға.*

*10 мамыр 1992 жыл.*

## ҚАСЕКЕҢЕ

*Әуес ОСПАНКЕЛІНІ*

*Жас шағында толықсып толған адам,*
*Өлең жазып әркімнен озған адам.*
*Өмірдің белестерін басып озып,*
*Жаршы боп жаңалыққа басқан қадам.*

*Дос еді Кәрімменен айрылмастай,*
*Достығы кейін емес, болған жастай.*
*Екеуі әңгімесін бастағанда*
*Мелшиіп отырушы-ек құлпы тастай.*

*Ақ көңіл, адал ниет салдырлаған,*
*Артына жаманшылық қалдырмаған.*
*Қаншама қиыншылық көрсе дағы*
*Жотасын қас жауына алдырмаған.*

## АРНАУ

*Кәрігұл НҰҒЫМАНҰЛЫ,*
*зейнеткер*

Қызыл жендет түбіне елдің жетті деп,
Зиялылар азабын ерек шекті деп.
Аһ ұрамын Кәсекеңдей дарындар,
Берерін бермей. төгерін төкпей кетті деп

Бір бетінен ауытқуды ар тұтқан,
Әкең артта өшпес мұра қалдыртқан,
Кетпейсің бе бапасынан айналып,
Баба салтын тұңғыш қайта жаңғыртқан

О, Кәске, жатырсың ба жайланып
Халқың мынау асыңа келді сайланып
Сеніміңді ақтап,намысыңды ту еткен.
Кетсеңші бір ондай ұлдан айналып

## ӘДІЛЕТ ЖЫРШЫСЫ

*Амантай РӘШИТОВ,*
*айтыс ақыны*

Не көрмедің ау, Қаске бала жастан,
Ақ қағазға түсірсең болар дастан
Бұл бір біткен басыңа неткен азап,
Зәбір көрдің көп жылдар жауыз, қастан

Озбырлыққа адал жан төзе алмайды,
Әділетті дүлей күш езе алмайды
Сол әділет жыршысы болдың, Қаске,
Қуыс кеуде санасыздар сезе алмайды.

Басымды иіп ау. Қаске тағзым етем.
Атыңның бар байлығы, дәрежесі,
От шашып, жалын атқан жырында екен.

**1992 жыл**

# Әкең - Патша, сыйла оны тірісінде

*Төлеген ҚАСЫМҰЛЫ*

*Өмірге келгенім жоқ әлде кімше,*
*Тұлпардың тұяғымын өткен кеше.*
*Қастерлеп жүрермін мен әке есімін*
*Көз жұмып, о дүниеге кеткенімше.*

*Сөкпеңдер: “әкесін көп мақтады”деп,*
*“Әдептің жібек жібін аттады" деп*
*Аялап қастерлесең әкеңді сен,*
*Жұрт айтар:"бір еңбегін ақтады”деп.*

*“Әкеден мен оздым" деп кісімсін бе,*
*Патшаның отырсаңда мінбесінде.*
*Әйгілі аға сұлтан Құнанбайдың*
*Абайға айтқан сөзін білесің бе?*

*“Ағаттық сөз айтыпсың, тиыш жүрмей,*
*Қалмадым, осыны естіп, мен үндемей.*
*Артық болсаң әкеңнен, шырақ болсаң,*
*Ұл таптыр қатыныңа тура өзіңдей"*

*Бұл сөздер неге айтылды, білесің бе?*
*Әкең-Патша, сыйла оны тірісінде .*
*Мекеге күнде арқалап апарсаңда,*
*Мәңгілік қарыздарсың ол кісіге.*

*Әке-пана сен үшін, темір қалқан,*
*Әке дұрыс жол сілтер, сен адассаң.*
*" Әке өлді" деп жылаудың қажеті не*
*Тірісінде қастерлеп сыйламасаң.*

*Бұл өмірде бәріде қайталанар.*
*Уақыт келер саған да шал атанар.*
*“Ұядан нені көрсең соны аларсың”*
*Деген сөзді неге айтты бұрынғылар?*

*Астарын бұл сөздердің түсінерсің,*
*Кеш түсінсең өкініп, күрсінерсің.*
*Ұлыңа: "  кімге тарттың жаман ит деп*
*Бір кезде сен де мендей кіжінерсің*

Сәуір 2002 жыл

## Қасымның жазушы Жайық Бектуровқа жазған алғашқы хатынан үзінді

*Құрметті інім. Жайық! Аман-сау жүріп жатырсыңба?*

*Мен арабша ғана оқып, хат таныдым. Жаратылыс маған аздап өлең жазуды сыйлады. 1932 жылғы жағдайға байланысты екі ауыз өлең жазып, сол үшін 4 жылға сотталып, өтеп келдім Сонан кейін ашық өлең жазуды қойдым. Бірақ жария қылмай жазғандарымды сақтап келемін.*

*Енді сенен сұрайтыным: өзің іздеп жүрген дүниенің талайы табылады. менде сен жазатын нәрселер өте көп. Сондықтан, мүмкіншілігің болса, маған қонаққа келіп кет*

*Жүрмісің аман-есен, Жайық інім,*
*Сыртыңнан көрмесемде қаның інім*
*Шындықтың сырын ашып іздеп жүрсең*
*Талайын берер едім тауып, інім.*

*Құлағым естімейді, аяғым жоқ,*
*Болмаса кездесерем барып інім.*
*Ағаңды әдейілеп іздеп келсең*
*Қайтасың көп нәрсені алып, інім.*

*1988 жыл.*

**Жазушы Жайық Бектұровтың**
**хаттарынан үзінділер.**

*Қадырлы Қасым ақсақал! Өткен жылғы жаз мен үшін денсаулық жағынан ауыр болды. Ауруханадан сізге хат жазған бolармын. Сізді сол кезде сырқаттанып жүр деп естідім, тәуір болған шығарсыз.*

*Сізге “Орталық Қазахстан" газетін жіберіп отырмын. Мұнда сіздің құдаңыз Жанайдар марқұмның ақын әкесі Ахметбек жайлы менің мақалам және Ахметбектің отызыншы жылдарғы өлеңі бар.*

**Балаларыңызға дұғай сәлем**
**28.01.1989 жыл.**

*Қасым ақсақалдың бала-шағаларына. Ақсақалды соңғы сапарға шығарып салуға бара алмадым. Осы хат сіздерге көңіл айту болсын. Сол жолы сіздің жақтан келісімен қатты ауырып ауруханаға түстім. Жарты жылдай екі талай жағдайда, есім кіресілі-шағасылы болып жаттым. Содан кейінде ауру-сырқаудан шыға алмай қойдым.*

*Қасым отағасынан жазып алған көп сөздерім, әсіресе Нарманбет ақынның өлердегі сөзі сол екі арада әлдекімдердің атынан шала-шарпы газетке басылып кетті. Қалайда ақсақалдың алдында ұятты болдым, әрі өзімеде естен кетпес өкініш болды.*

*Қасым аға қолыма кейіндеу түсті. Ол ел ішінін таусылмас қазынасындай еді.*

*Бұл кісі жайлы қалам тарта алмағаным өкінішті-ақ. Енді сол кісінің әруағынан, үй ішінен бұл үшін кешірім сұрағаннан өзге айтар сөзім болмай отыр.*

*05.10.1991 жыл.*

*Құрметті Төкен! Сәлем! Үй-іші, балашағаларға түгел сәлем. Қасым ақсақалды көзі тірісінде қуанта алмадым,бұған сол жылдары қатты сырқаттанғаным себеп болды. Ақыры былтыр бір сәті түсіп еді, содан бері де мақалам редакцияда көп жатып қалды. Ақыры мақалам кешелі-бүгін газетке шықты,бірақ тағы да бір сәтсіздік болды, Қасекең өзі жазып берген мына бәйіттің үш бетітоқсан жолдай шумағы газет қызметкерлерінің салақтығынан газеттің бүгінгі санынан түсіп қалыпты. Қатты ренжіп отырмын, әйтеуір машинкаға басылған бір данасын кітап етіп шығарамын деген соң ана өзіңіз білетін Есен Орынбековке беріп едім. Бірақ мына газетке басылғаны ең толықырағы, біраз түзетілгені. Реті келсе осы газеттегі нұсқасын сол Есен інінізге берерсіз. Кітапқа осы нұсқасының басылғаны дұрыс болар еді.*

*Өзім сырқаттана беріп жүрмін.*

20.02.1992 жыл.

*Құрметты Төкен! Қарағандыдан сәлем.*

*Келінге, балаларға сәлем.*

*Жуырда Бурабайдан оралдым. Бір айдай сонда санаторийде болдым. Үйге келсем мына газет өзімді тосып жатыр екен.*

*Естеріңізде болар, биыл жыл басында ма екен, Қасекеңнің бір сөзін “Орталық Қазахстан" газетінде бастырып, өздеріңізге жібердім ғой. Сонда баспахана салақтығынан сол өлең сөзден екі-үш бет газеттен қалып қойғанды. Өткен май айында өздеріңізде болғанда айттым білемін, сол кезде сол қалып қойған сөздерді газетке-қайта ұсынғанмын, көп кешікседе сол үзінді енді басылып шықты.*

*Бұл үзіндіні Қасекеңнің кітабін шығарған жігітке көрсетерсіз.*

21.10.1992 жыл.

## Шешенстанда тұратын Олхозұр Нұрадиевтің хаттарынан үзінділер

*Менің құрметті туысқандарым!*

*Мен әкеден жалғыз едім. 12.05.1944 жылы біздің жанұямыз туған жерін еріксіз тастап, сенің әкең тұрған Шет совхозына қоныс аударды. Мен ол кезде 20-ға жасы жете қоймаған жас жігіт едім. Біздерді қазақтар өз бауырындай жақсы қарсы алды.*

*Сенің әкең мені нан таратушы етіп қойғандықтан (Шешендерге көмек беріп тұрсын деп әдейі жасаған болуы керек) біздер аштық ты көрмей өттік.*

*Қасекең ол кезде сүт өндіретін ферманы басқарушы еді, маған бірінші рет сиыр саууды үйреткенде сол кісі еді.*

*Менің ең қадірлі достарым, туысқандарым!*

*Екі жыл болды сіздермен хабар алмағаныма. Бізде бір түсініксіз жағдайлар болып жатыр. Бізден бөлініп Ресей құрамына енген Ингуштар Солтүстік Осетиямен жерге таласып жатыр.*

*Өз ішімізде де тыныштық жоқ, телевизордан көріп жатқан шығарсыздар. Мен 68-ге келдім, арманым: Сіздерді бір көрсем. Егер алла бір жетілік саулық берсе жазда барып қайтамын.*

*Мен олай-пұлай болып кетсем, (әрине, мен өлейін деп отырған жоқпын, әкем 78 жыл, ал үлкен әкем 125 жыл өмір сүрген, менде, Алла қолдаса, әлі біраз жүре-тұратын шығармын) сендер менің балаларымнан қол үзбесін деп барлық жанұямның, немере, шөберелерімнің аттары, туған жылдары жазылған списокты жіберіп отырмын.*

*Амансыңба құрметті Төкен және оның жанұясы!*

*Мен " XXVIII -партсъезд" атындағы курорттамын. Бүгін үйімнен Қасекең қайтыс болды деген хат алып, сол жерде өз әкем өлгендегідей жыладым. Жаны жәннатта болсын.*

*Төкен! Өлмейтін адам жоқ, әкеде, шешеде өледі, бізде өлеміз, ол құдайдың қолындағы іс. Қажыма, қайратты бол. Ол менің ең жақсы көретін адамым еді.*

# VI. Қасым Сырымбетұлының ата-тегі

## (шежіре)



# Ұлы жүз


Ақарыс
Кейкі би
Төбей би
Майқы би
Бақтияр
Ойсын
Үйсін
Әлімхан
Арыстан батыр
Бораш батыр
Сіргелі (Құбасай)
17 ата
Ақсыйық
Әзімбай
Таңатар
Батыр
(Алыбай)
Жайдақ
(Толыбай)
Қалыбай
(Жәдігер)
Есболай
(Қаратау)
Есназар
(Сарыағаш)
Ескене
(Өзбекстан)
Шорман
Үті (Өтебай)
Бөрі
Қараша
Көшей
Төлеміс
Түмен
Қарабас
Байтоқ
Найман
Жылгелді
Қарамерген
Сыркешкен
Орыс
Дорыс (Айбалталы Долбағай)


Айбалталы Долбағай (Дорыс) (Берінің 6-баласы)
Бозай
Атымтай
Қалабай
Шүйке
Асылбек
Шобан
Жомарт
Кеңесбай
Төлеш
Нүрпейіс
Нүрша (көкек)
Арысбек
Ақажан
Бәйізбек
Нағым
Тойымбек
Көктай
Ысқақ
Сағынбай
Рақымжан
Мұқан
Сәбет
Сапар
Саят
Үсенбай
Нәсіпжан
Иген
Орынбай
Серік
Егінбай
Берік
Құдайберген
Бекетай
Серік
Қанай
Мұқажан
Жұмабек
Әбдіразақ
Ақұл
Уәли
Пәни
Зияда
Еркін
Беркін
Жетпіс
Әли
Мұрат
Жеңіс
Егінбай
Қайыржан


Жомарт (Бозайдың 2-баласы)
Олжабай
Дүйсенбай
Ақатай
Жұматай
Қасқатай
Қисық
Бейсенбі
Мұхамедияр
Төлеу
Төлеген
Кеңесбай (Бозайдың 3-баласы)
Қожатай
Смайыл
Жексенбай
Төлеш (Бозайдың 4-баласы)
Секер
Батырбек
Қылышбек
Амангелді
Қали
Көкен
Әбдіқалық
Базыл
Әділ
Әшім
Көрім
Есенгелді
Қайрат
Қанат
Дархан
Сәден
Сәдубай
Әлім
Бәжебай
Әміржан
Әнеш
Арша
Еркебұлан
Думан
Бауыржан


Шобан (Долбағайдың 2-баласы)
Құл
Жүндібай
Жұман
Биім
Бертіс
Берлі
Нәукен
Мұстапа
Тоғас
Аманжол
Аманбай
Тоғанбай
Тұрлыбек
Кенжебек
Тұрсана
Рақымжан
Оспан
Рахмет
Рахман
Кәрім
Ақау
Нұрлан
Нұркен
Ақыш
Еркебұлан
Азамат
Рахат
Ғалымжан
Бейсен
Жұмағали
Аят, Аян


Тоғас (Шобанның 2-баласы)
Бұлдыбек
Елеукен
Тойбек
Жаутан
Күрішбай
Рысбай
Келгенбай
Бәкеш
Бауымбек
Кернейбек
Райымбек
Оразбек
Шақай
Жантай
Мизамбек
Қойбағар
Тойбағар
Моразбек
Бұлқынбек
Асан
Бораш
Ермекбай
Ерғазы
Амангелді
Шалахан
Манат
Төлеутай
Ғабділәшім
Айтпай
Жұмагелді
Елубай
Әубәкір
Серік
Жаңабай
Жаңалық
Оралбай
Ерқанат
Азамат


Моразбек (Бәкештің 5-баласы)
Елубай
Кәрім
Көшербай
Болат
Марат
Жанат
Боранбай
Сағат
Бақытнұр
Еркебұлан Берік
Бейбіт Темір
Бекзат Азамат
Әнеш Әлібек
Ермек Серік Берік
Мирас
Шоқай (Тоғастың 3-баласы)
Үсен
Түкентай
Жантай (Тоғастың 4 - баласы)
Жазыбай
Серік (Зекен)
Ғабдыманат
Есенжол
Құсайын
Қанат
Сайран Арайлан
Таңсәуле Саттар
Айдархан


Аманжол (Шобанның 3-баласы)
Малай
Сетік


Аманбай (Шобанның 4-баласы)
Мұса
Байділда
Нұрділда
Алпысбай
Исабай
Берік
Төлеген
Сәбет
Аяған
Мергенбай
Қуат
Жанат
Мұрат
Медетхан
Жандос
Айдос



Түрлыбек (Шобанның 6-баласы)
Сырымбет
Тұрымбет
Қасым
Шәпиманат (Шәкен)
Төлеген (Төкен)
Несіпжан (Нәскен)
Мейрам
Алмаш
Айдаш
Баршагүл
Мейіржан
Айжан
Әсел
Лунара
Бекнұр
Гүлнұр
Әсет
Әйгерім
Жәнел
Жәзира
Тоқтар
Айдана
Әсем
Айнұр
Санжар
Талғат
Мақсат
Майя
Мейірман
Айнаш
Бауыржан
Әлібек
Жәнібек
Әлия
Әмина
Аңсар
Бибігүл

Тегін білмеген - тексіз,
Жеті атасын білмеген - жетімек.

## БАТЫР, ЖАЙДАҚ, ЖӘДІГЕР
(ру аттарының шығу тарихы)

Ойсын - Сіргелілер жеріне тұтқиылдан жау шабады. Қоран қалмақтың бетін қайтару үшін Таңатарұлы Алыбай бабамыз жауға жалғыз өзі қарсы шығып, соғыс ашып жатқан кезде басқа жақта жүрген інісі Толыбай ауылға келеді.

Келе сала "ағам қайда” - деп Алыбайды іздейді. “Ағаң қалың жаумен соғысып жатыр” деген сөзді ести сала Толыбай белбеуде байлаулы тұрған жайдақ атқа қарғып мініп ұрыс майданына тұра шапқан екен.

Екеуі қалмақтарды тас-талқан етіп жеңеді де аман-есен елге оралады. Ағайынды екі батырдың ерлігіне риза болған халық Алыбайды -“Батыр”, ал оның інісі Толыбайды - “Жайдақ” деп атап кетеді. Өлер шақтарында Алыбаймен інісі Толыбай: “біздің ұрпақтарымыз мәңгі-бақи қыз алыспай өтсін" деген өсиет айтқан екен. Сол бабалар өсиетіне берік екі рулы ел осы уақытқа дейін қыз алыспай келеді.

“Батыр-Жайдақ бірге туысқан, қыз алыспаймыз”деген сөздерді Бөген, Шаян, Қазығұрт, Сарыағаш өңіріндегі Сіргелілерден кәзірде жиі естуге болады.

Таңатардың кенжесі Қалыбай жастай қайтыс болғандықтан артында қалған жалғыз баласын Алыбай асырап өсіреді. Батыр бабамыз інісінің баласын: “інімнен қалған жәдігерім”- деп отырады екен. Қалыбайдан тарағандардың “Жәдігер” аталу себебі осы.

Қасым ақынның ұрпақтары мен ағайын-туыстары білсін деген оймен ата-бабалармен ағайындарға кімдер жатады деген сауалға толық жауап бере кеткенді жөн санадым.

Жеті ата-бабаға кіретін 1. Әке, 2. Ата, 3. Әзата, бұл үшеуі АТАЛАР.
Әрі қарай: 4. Баба, 5. Тектің, 6. Төркін, 7. Түпқиян. Бұл төртеуі БАБАЛАР.

Бәрін біріктірсе АТА-БАБАЛАР.

Ал ағайынлдар үш сатыдан тұрады:

I саты: 1.Бала, 2.Немере, 3.Шөбере,4. Шөпшек, 5.Өбере.

Бұларды немере ағайын дейді.

II саты: 6. Туажат, 7. Жүрежат, 8. Жекжат, 9. Жұрағат, 10. Жамағат.

Бұларды ЖАМА АҒАЙЫН дейді.

III саты: 11. Өркен, 12. Әулет, 13. Зәузат, 14. Жаран,15. Қалыс.

Бұларды ҚАЛЫС АҒАЙЫН дейді.

Егер осы жағдайды негізге алсақ Қасым Сырымбетұлының немере ағайындары Шет ауданы көлемінде тұратын барлық

Сіргелі - Батырлар болып шығады.

Бесінші атасы Бөрі батырдан тараған Сарыағаш, Қазығұрт өңіріндегі Найман, Қарамерген, Жылгелді, Сыркешкен, Орыс ұрпақтары да Қасым ақынның немере ағайындары болып келеді.

**Шежірені жазған**
**Төлеген ҚАСЫМҰЛЫ**

# ДҰҒА

Ақын ұрпақтары төмендегі қазақ әріпімен жазылған құран аят-тарын жаттап Ата-бабаларының рухына дұға бағыштап отырады деген ниетпен жинаққа енгізіп отырмыз.

Аеузе біллаһе мінашшайтанырражим

Бісімиллаһеррахманыррахим.

1. Құльуаллаһо ахад. Аллаһұссамаді, Лам халіді, уалам юладі, уалам Иакун лаһу құпуан ахад.

2. Лахаджааһұм Расулон мін анпо Сеһом ьазизон, ьалайһі ма ьаніттүм харисон, ьалайүл білмүмінина Раупұррахим.

3. Пазкүрни азкүрқұм уашкүрули Уала такпұрүн иа айнүһалла-зино аманнұстаьину биссабрі, уасслат Імналлаһа маьассабірін.

Әр аяттан кейін:

Сұбхана Раббыка Раббыл ьыззати ьамма иасифун. Уасаламон ьалал мүрсалин. Уалахамдо ліл-лаье Раббыл ьаламин, деген сөзден аяқталып отырады.

Жоғарыдағы көрсетілген аяттардың біріншісін бірнеше рет қай-талап, немесе барлығында қатарынан оқып, аяқтауға болады.

Ь - біздің х әріпіне жақын дыбыс.

Араб шрифтінен аударған "Айтбай”
мешітінің имамы Ідіріс АҚМҰРЗАЕВ

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз............................................................................................. 5

I тарау. Ғалым ой түйеді..............................................................................7
М.Хамзин. Қасым Сырымбетұлының
шығармашылығы жайлы толғаныстар.................................8

II тарау. Ақын жайлы естеліктер....................................................... 13
Ж.Бектұров. Ақын Қасым Сырымбетұлы туралы ................................14
Т.Қасымұлы. Өшпейтін шырақ
I. Дарияның бастауы..............................................................19
II. Таусылмас қазына ............................................................ 22
К.Нұғманұлы. Ақын жайлы естелік..................................................... 36
Ш.Қасымкеліні. Нұрлы адам................................................................... 38

III тарау. Ақын өмірді жырлайды.......................................................... 41
Қасым Сырымбетұлының өлеңдерімен айтыстары

IY тарау. Ақын Қасым жаттаған 1916 жылғы бәйіт............................ 89

Ү тарау. Ақын рухына тағзым...............................................................105
Арнаулар. Хаттар

VI тарау. Қасым Сырымбетұлының ата-тегі (шежіре)......................115

VII тарау. Дұға 126

# Өшпейтін шырақ

*" Болашақ-Баспа " редакциялық-баспа бөлімінде басылып шығарылды*

Бас редакторы Абдуллина Б.Х.
Редакторлары Оспан Ж.К., Чучелова Ю.А.
Техникалық редакторы Шакимов М.Т.

Басуға 18 10.2002 ж. қол қойылды.
Көлемі 8 б.т. Пішімі А5.
Таралымы 600 дана.